Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. «Даму» ұғымы сөздікте «... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы» -деп түсіндіріледі. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту процесі жаңаның өмірге келуі, ескінің жоғалуы деген мағынаны білдіреді. Оқыту мен дамытудың арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылымы жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С Выгодский.

И.Я Лернер «Даму» деген ұғымды педагогикалық заңдылықтарға негіздей отырып, адамның әртүрлі қиындықтардағы мәселелерді шеше білуге дайындығы деп түсіндіреді. Мұндай анықтама

интеллектуалдық іс-әрекетті жоғары орынға шығарады. Мәселе қаншалықты күрделі болса, оны шешуге жұмсалатын ақыл-ой қызметі де соншалықты кең, аумақты, демек даму деңгейі де жоғары болады.

Л.В. Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді. Олар байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білу, практикалық іс-әрекетті атқара білу. В.В. Давыдов ақыл ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысын есептейді.

Тұтас алғанда барлық авторлардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенге келіп саяды және оның басты шарты ретінде әрекет алынды деп тұжырымдалынған [2].

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдері қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының дамуы мен шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Мысалы, дамыта оқытудың стратегияларының бірі «Ой шақыру» әдісін алып, қазақ тілі сабағында қолдануға болады.

1-тапсырма. Оқушыларға «Балқарағай, омарташы, қанағат, ұсынылатын» сөздеріндегі әріптерді пайдаланып, сөздер құрау тапсырылады.

Үлгі: «Балқарағай» сөзіндегі әріптерді пайдаланып, сөздер құрау  
(Бал, қарағай, кара, бала, ағай, ара, ай, қар, балға, Арай, қарға, лақ, арал...)  
Омарташы — \_\_\_\_\_  
Қанағат — \_\_\_\_\_  
Ұсынылатын — \_\_\_\_\_

Бастауыш сыныпта оқушылардың ойлау қабілетін жан-жақты дамытатын тапсырмалар бар. Мысалы, «Зат есім» тақырыбын өткенде мынандай ой қозғаушы жаттығуларды орындатқан тиімді.

2-тапсырма. «М»- дан басталатын сегіз сөз. Ол сөздер төмендегі заттардың атауы болсын:

1. Сұйық зат: ..... , ..... , ..... , ..... , ..... , ..... .
2. Зат немесе құбылыс атауы ..... , ..... , ..... , ..... , ..... .
3. Дақыл атауы: ..... , ..... , ..... , ..... , ..... , ..... .
4. Жеміс аты: ..... , ..... , ..... , ..... , ..... , ..... .
5. Қарудың аты: ..... , ..... , ..... , ..... , ..... , ..... .
6. Өсімдік атауы: ..... , ..... , ..... , ..... , ..... , ..... .
7. Адам аты: ..... , ..... , ..... , ..... , ..... .

Осылайша сапалы білім беруге бағытталған дамыта оқыту технологиясы – оқушының ақыл-ойын дамытуға арналған теориялық әдістерді қолдана отырып, бағдарланған оқыту жүйесі. Оқушылардың қазақ тілі бағдарламасына сай оқытылатын оқу материалдарын белсенді, өзінің ізденімпаз күш қабілетін іске қоса отырып меңгеруін ұйымдастыру – ақыл- ой қызметінің біртіндеп өз бетімен шешім табуға дағдылануын қалыптастыратын тиімді жол.

Тойбазарова Н.А «Бастауыш сыныпта қазақ тілін дамыта оқыту» атты монографиялық еңбегінде «Бастауыш сыныпта дамыта оқыту арқылы оқу материалдарын меңгерудің маңызды орны оқушының алдына қойылған проблеманы дұрыс шешуге ғана емес, келесі жолы сол проблеманы аз уақытта оптималдылықпен сапалы шешу жолын үйренуге жетелейтіндігінде.

Білім беру саласында еңбек етіп жүрген бастауыш сынып мұғалімі Ибрагимова Ш. Ж. «Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа технологияларын қолданудың тиімділігі» мақаласында «Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл – үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Элконин – В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері» - деп жазған болатын.

Сонымен қатар, ол өз ізденіс жұмысында, «Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ

процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді» деп, *дамыта оқыту технологиясының нәтижелерін:*

- 1) түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- 2) оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- 3) олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
- 4) оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
- 5) оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
- 6) оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;

7) жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шындауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады деп жіктеді [5].

*Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті:*

Оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс-тәжірибесінде қалай қолданады?

- 1) Оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік нормаларын меңгерту;
- 2) Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру;
- 3) Оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу;
- 4) Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу;
- 5) Оқушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту;
- 6) Жалпы оқушының жан дүниесін дамыту [6].

Демек, дамыта оқытуда – оқушы өз іс-әрекетін өзі құруға, өзін-өзі дамытуға білім өз бетімен меңгеруге, өз ойын еркін айтуға, дәлелдеуге, шешімнің дұрыс-бұрыстығын қабылдауға, өз бетімен іздену жұмыстарын жүргізуге, өзін-өзі бағалауға үйретіледі.

Қорыта келгенде, дамыта оқытуда ойлау қабілеттерін бағыттау, ойлануға жетелеу, ойға берілу, сабаққа ынтасын, қызығушылығын арттырады. Оқушыны алдына қойған мақсатқа жетелейді, жауапкершілігін жетілдіреді, үлгірмеуші болмайды. Дамыта оқыту арқылы оқушылардың өзіндік танымын жетілдірсек, тек ақылды емес, сонымен қатар өз іс-әрекетін сараптап, жан-жүрегімен сезіне алатын, білімді ұрпақ тәрбиелей аламыз деген сенімдеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бастауыш мектеп методикасы. Алматы.- 2000, 6-12 бет
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. — А., 1991.
3. Жаныбекова А. Т. «Бастауыш сыныпта дамыта оқыту технологиясының тиімділігі» мақаласы <http://www.ustazdar-alemi.kz/index.php/bastauysh-synyptar?start=275>
4. Тойбазарова Н.А «Бастауыш сыныпта қазақ тілін дамыта оқыту», Монография
5. Ибрагимова Ш. Ж. «Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа технологияларын қолданудың тиімділігі» мақаласы, <https://bilimainasy.kz/>
6. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі.- Алматы. 2002 3-9 бет

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылы  
“№5 М.Горький атындағы жалпы білім беретін мектебі” КММ  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші  
Султанова Алмагуль Кольбаевна



## МӘДЕНИ МҰРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ: ТІЛ МЕН ДӘСТҮР БАЙЛАНЫСЫ

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілінің мәдени мұрадағы рөлі, оның дәстүрмен байланысы және ұлттық болмысты сақтаудағы маңызы жан-жақты қарастырылады. Қазақ тілінің ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан құндылықтарды сақтаушы әрі таратушы құрал ретіндегі ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар тіл мен дәстүр сабақтастығы арқылы халықтың рухани бірегейлігі мен мәдени тұтастығы қалай сақталатыны сөз етіледі. Қазақ әдебиеті мен ауыз әдебиетіндегі тілдік өрнектер мен тұрақты тіркестердің мағыналық астарлары арқылы ұлттың дүниетанымы сипатталады.

Кілт сөздер: қазақ тілі, мәдени мұра, дәстүр, ұлттық бірегейлік, рухани құндылықтар, тіл мен мәдениет байланысы, ауыз әдебиеті.

Қазақ халқының мәдени мұрасы – ғасырлар бойы сұрыпталған, рухани кемелденген, әрі сан алуан құндылықтарды қамтитын ұлттық қазына. Ол тек материалдық жәдігерлерден ғана тұрмайды, сондай-ақ халықтың сөз өнері, әдебиеті, ауызша және жазбаша мұралары, тұрмыс-салт дәстүрлері, ұлттық құндылықтары мен дүниетанымдық ерекшеліктері арқылы көрініс табады. Қазақ тілінің мәдени мұрадағы орны – сол рухани байлықты келешек ұрпаққа аманат етуде, ұлттық бірегейлікті сақтауда, тарихи сананы қалыптастыруда ерекше маңызға ие.

Қазақ тілін тек қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру жеткіліксіз, себебі ол – ұлттың жан-дүниесімен, рухани дүниетанымымен, салт-дәстүрімен біте қайнасқан біртұтас феномен. Әр халықтың тілі – оның мәдениетінің айнасы десек, қазақ тілінің аясында сақталған дәстүрлер мен тілдік нормалар біздің ғасырлар бойғы рухани дамудың жемісі екенін көрсетеді. Қазақ халқының ойлау жүйесі, өмірлік қағидалары, адамгершілік пен ізгілікке негізделген дүниетанымы тіл арқылы айқын көрініс табады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде әрбір сөздің, әрбір ұғымның терең мағынасы бар. Мысалы, қазақ тіліндегі «ата-баба», «аманат», «өсиет» сияқты ұғымдар тек қарапайым сөздер ғана емес, сонымен бірге тұтас дәстүрлік мәнге ие. Олар арқылы халықтың ата-бабалардан қалған өмірлік қағидалары, ұрпақ тәрбиелеудегі негізгі ұстанымдары көрініс табады. Халық даналығынан бастау алатын мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, жыраулар поэзиясы ұлттық рухтың тілдік көрінісі ғана емес, сонымен қатар мәдени құндылықтарды кейінгі ұрпаққа жеткізудің бірден-бір тетігі саналады.

Қазақ тілінің мәдени мұрадағы маңызды рөлін айқындайтын негізгі ерекшеліктердің бірі – оның ұлттық салт-дәстүрмен сабақтастығы. Әрбір дәстүр белгілі бір сөздік қорды, тілдік қалыптарды қажет етеді. Мысалы, қазақтың «қонақжайлық» дәстүрін алайық. Қазақ халқында «қонақ келсе – құт» деген түсінік бар, бұл ұғым тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл ұлттық болмыста ерекше орын алады. Қонақ күтудің өзіндік рәсімдері, оған байланысты айтылатын құрмет сөздері, бата-тілектер, қонақтың жас ерекшелігіне қарай қолданылатын тілдік орамдар – барлығы да ұлттық дүниетанымның бір бөлшегі.

Ауыз әдебиеті – қазақ тілінің мәдени мұрадағы алтын қазығы. Ол халықтың өткенін, тарихын, болмысын, рухани құндылықтарын, эстетикалық талғамын бойына сіңірген көркем шығармашылықтың ең көне әрі ең шынайы түрі. Мысалы, жыраулар поэзиясы қазақтың көшпелі өмір салты мен еркіндікке құштар рухын бейнелесе, батырлар жыры ерлік пен намыстың, отансүйгіштік пен ел бірлігінің айқын

үлгісі болып табылады. Осы шығармалардағы бейнелі сөздер, тұрақты тіркестер қазақ тілінің мәдени мұрадағы рөлін айшықтай түседі.

Балалардың тілдік қабілетін жетілдіруде халық ауыз әдебиетінің бірнеше негізгі функцияларын бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, ол тәрбиелік қызмет атқарады. Халық ауыз әдебиеті шығармалары – халықтың даналығы мен өмірлік тәжірибесінің көрінісі. Олар арқылы балалар жақсы мен жаманды ажыратып, әдеп пен мораль қағидаларын меңгереді. Мысалы, ертегілердегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз мінез-құлықтары балаларға өнеге ретінде ұсынылады. Жақсылық пен әділеттілікті ту еткен батырлар, адалдық пен қайырымдылықты насихаттайтын қарапайым кейіпкерлер балалардың бойында ізгілік қасиеттерін қалыптастырады. Ал жағымсыз кейіпкерлердің қателіктері мен жаман әрекеттерінің салдары балаларға сабақ болып, дұрыс жолды таңдауға үйретеді.

Сонымен қатар халық ауыз әдебиеті арқылы бала ұлттық құндылықтармен танысып, халықтың салт-дәстүрлерін бойына сіңіреді. Мысалы, қазақ ертегілеріндегі ақыл мен парасаттың байлықтан жоғары қойылуы, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу сияқты қағидалар баланың санасына ерте жастан орнығады. Сондай-ақ халық ауыз әдебиетінің мазмұнында ата-ананы қадірлеу, адалдық, еңбексүйгіштік, әділдік секілді адамгершілік қасиеттер кеңінен насихатталады. Бұл қасиеттердің барлығы баланың тұлғалық дамуына ықпал етіп, оның болашақта қоғамда өзін дұрыс ұстауына, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Осылайша, халық ауыз әдебиеті тіл дамытумен қатар, бала тәрбиесінде маңызды орын алады.

Қазақ тілінің көркемдік қуаты оның бейнелілігінде, астарлы мағыналарға байлығында жатыр. Ұлттық поэтикалық өрнектер, шешендік сөздер, айтыс өнеріндегі тапқырлық қазақ тілінің ерекше даму үлгісін көрсетеді. Бұл ерекшелік тек тілдік жүйеде ғана емес, сонымен қатар, ұлттың мәдени, рухани болмысында да үлкен маңызға ие.

Қазақ халқының поэтикалық тілі – халықтың ойлау жүйесін, дүниетанымын, эстетикалық талғамын, ұлттық рухын айқын танытатын құрал. Әрбір теңеу, эпитет, метафора, әсірелеу сынды көркемдік тәсілдер қазақ тілінің бай да икемді екенін дәлелдейді. Мысалы, «батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы» деген халық даналығы тек тұрмыстық пайым ғана емес, ұлттық дүниетанымның терең философиясын көрсетеді. Мұндай көркемдік өрнектер тілдің бейнелілік қасиетін арттырып қана қоймай, қазақ халқының өмір сүру қағидаларын, табиғатпен етене байланысын, моральдық-этикалық ұстанымдарын да аңғартады.

Айтыс өнерінде қазақ тілінің тапқырлығы, бейнелілігі, ұтымды ой айту шеберлігі ерекше көрініс табады. Қарсыласын сөзбен жеңу, қисынды дәлелдермен ойды түйіндеу, астарлап сөйлеу, әзіл мен мысқылды ұштастыру – мұның барлығы қазақ тілінің көркемдік қуатының кемелдігін байқатады. Бір ғана ауызша айтылған шумақтың өзінде халықтың сан ғасырлық танымы, тарихи тәжірибесі, дүниеге деген көзқарасы көрініс тауып жатады. Осындай өнер арқылы қазақ тілі дамып, байып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Тілдің осындай бай мүмкіндіктерін бағалау, оны одан әрі дамытып, бүгінгі заман талабына сай қолдану – әрбір қазақтың міндеті.

Қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен дүниетанымы тіл арқылы көрініс тауып қана қоймайды, ол тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Бүгінде ұлттық құндылықтарды сақтау, ана тілінің мәртебесін көтеру мәселесі өзекті болып отыр. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен жаһандану үрдістері ұлттық тілдерге жаңа сын-қатерлер әкелуде. Қазақ тілі өзінің тарихи-мәдени негіздерін сақтай отырып, жаңа заман талабына бейімделуі тиіс.

Қазақ тілін мәдени мұра ретінде сақтаудың бір жолы – оны күнделікті өмірде кеңінен қолдану, әдебиетті, ауыз әдебиетін, халық шығармашылығын насихаттау. Қазақ тіліндегі көркем шығармаларды, жыр-дастандарды, фольклорлық мұраларды зерттеу, насихаттау арқылы ұлттың рухани тұтастығын нығайтуға болады. Сонымен қатар білім беру жүйесінде қазақ тілін тереңдетіп оқыту, дәстүр мен тіл байланысын түсіндіру маңызды.

Қорытындылай келе, қазақ тілі – мәдени мұраның сақтаушысы ғана емес, оны дамытушы, өркендетуші қуатты құрал. Тіл мен дәстүрдің өзара байланысы ұлттық болмысты сақтаудың негізі болып табылады. Сондықтан, қазақ тілінің мәдени мұрадағы орнын терең түсініп, оны келер ұрпаққа жеткізу – әрбір азаматтың міндеті. Қазақ тілі – өткеннің аманаты, бүгіннің қазынасы, болашақтың кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. «Қазақ тілінің этномәдени негіздері». Алматы: Дәуір, 2004.
2. Хасенов Ә. «Қазақ тілі және мәдениет». Алматы: Білім, 2000.

Қызылорда облысы, Арал ауданы  
№72 орта мектебі  
Әлеуметтік педагог  
Куптлеуов Бакытбек Маратович



## ӨГЕЙ АНА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС: ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Аннотация. Мақалада өгей ана тәрбиесіндегі оқушылардың психоэмоционалдық жағдайы, олардың әлеуметтену процесінде кездесетін қиындықтар және мектептегі әлеуметтік педагогтың олармен жүргізетін жұмысының негізгі аспектілері қарастырылады. Әлеуметтік педагог баланың жан дүниесін түсініп, оған қажетті қолдау көрсете алуы тиіс. Мақалада өгей анамен қарым-қатынастың ерекшеліктері, оқушылардың психологиялық жай-күйіне әсер ететін факторлар және әлеуметтік педагогтың қолдау көрсету жолдары әдеби көркем стильде сипатталады.

Кілт сөздер: өгей ана, әлеуметтік педагог, оқушының психологиясы, мектеп ортасы, бейімделу, әлеуметтік қолдау, эмоционалдық тұрақтылық.

Балалық шақ – адамның тұлға ретінде қалыптасуындағы ең нәзік әрі маңызды кезең. Бұл кезеңде бала тек білім алып қана қоймай, өзін қоршаған әлемді танып, әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне енеді. Бірақ кейбір балалар бұл процесте үлкен психологиялық сынақтарға тап болады. Солардың бірі – өгей ана тәрбиесіндегі оқушылар. Әке мен ананың мейірімі бірдей төгілетін толыққанды отбасында өсіп, ата-анасының қамқорлығын сезіну – кез келген баланың табиғи қажеттілігі. Алайда өмір өз заңдарын орнатады. Түрлі себептермен кейбір балалар өгей ана қамқорлығына өтуге мәжбүр болады. Бұл жағдай олардың эмоционалдық тұрақтылығына, психологиялық саулығына және әлеуметтену деңгейіне айтарлықтай әсер етеді.

Өгей ана тәрбиесіндегі оқушылар үшін жанұялық қарым-қатынастардағы өзгерістер үлкен күйзеліс тудырады. Олар өздерін бақытсыз сезініп, туған анасының орнын басқан әйелге сенімсіздікпен қарауы мүмкін. Өгей ананың баланы өз перзентіндей қабылдауы да, керісінше, оған суық қарым-қатынас көрсетуі де ықтимал. Мұндай жағдайда бала өзін артық, қажетсіз сезінуі мүмкін. Осылайша, мектепте де оның мінез-құлқы өзгере бастайды, сабақ үлгерімі төмендеуі, сыныптастарымен қарым-қатынасы қиындауы мүмкін. Бұл – мектептегі әлеуметтік педагогтың араласуын талап ететін күрделі мәселе.

Әлеуметтік педагогтың міндеті – өгей ана тәрбиесіндегі оқушының психологиялық жағдайын мұқият зерттеу, оның ішкі әлемін түсіну және оған қажетті қолдау көрсету. Бұл жұмыс өте нәзік психологиялық әдістерді қажет етеді. Өйткені бала бір жағынан өгей анасымен тіл табысуға тырысса, екінші жағынан, туған анасын аңсап, оны ұмытуға моральдық құқығы жоқтай сезінуі мүмкін. Мұндай қосарланған эмоциялық күй баланың ішкі жан дүниесінде үлкен қарама-қайшылық тудырады. Осыған байланысты, әлеуметтік педагог ең алдымен баламен сенімді қарым-қатынас орнатуы қажет.

Әлеуметтік педагог оқушымен жұмыс істеу барысында әрбір баланың өмірлік жағдайын жеке қарастырады. Кейбір өгей аналар балаға туған анасындай қамқорлық танытып, оның тұлға ретінде қалыптасуына оң әсер етуі мүмкін. Алайда кейбір жағдайларда өгей ананың суық қарым-қатынасы баланың бойында психологиялық жарақат қалдыруы мүмкін. Әсіресе, өгей ана тарапынан әділетсіздік, кемсітушілік, агрессия байқалатын болса, бұл оқушының мінез-құлқына кері әсер етеді. Осындай

қиындықтарды анықтап, оларды шешу жолдарын қарастыру – әлеуметтік педагогтың кәсіби міндеттерінің бірі.

Мектеп психологымен бірлесе отырып, әлеуметтік педагог өгей ана тәрбиесіндегі оқушылармен психологиялық тренингтер өткізіп, олардың өзін-өзі бағалауын жоғарылатуға көмектеседі. Себебі мұндай балалар кейде өздерін қоғамға қажетсіз сезініп, өз құндылықтарын төмендетіп жібереді. Оларға өзіндік сенімділікті арттыру үшін мотивациялық әңгімелер өткізу, жағымды үлгі ретінде танымал тұлғалардың өмір жолын баяндау, табысқа жету мүмкіндіктері туралы әңгімелеу маңызды.

Бұл мақсатта әлеуметтік педагог пен мектеп психологы әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы тренингтер мен психологиялық жаттығулар жүйесін әзірлеуі қажет. Мұндай тренингтер баланың өзін-өзі танып-білуіне, ішкі қорқыныштарынан арылуына, өз ойларын ашық жеткізуіне және эмоционалдық еркіндікке жетуіне ықпал етеді. Мысалы, «Менің мықты жақтарым» атты жаттығу барысында оқушылар өздерінің жақсы қасиеттерін жазып, оларды топ ішінде бөлісіп, өздерінің құнды тұлға екенін сезіне алады. Сондай-ақ «Менің армандарым» атты әдіс арқылы балалар болашақ мақсаттарын нақтылап, сол жолда қандай қадамдар жасау керектігін түсінеді.

Мотивациялық жұмыстарды күшейту мақсатында белгілі тұлғалардың өмір жолы мен жетістіктері туралы пікірталастар, видео көрсетілімдер ұйымдастыру маңызды. Мысалы, қиын балалық шақты бастан өткеріп, өз еңбегімен жетістікке жеткен тұлғалардың тарихын баяндау оқушыларға өмірлік қиындықтарды жеңуге болатынын дәлелдейді. Өгей ана тәрбиесіндегі оқушылар үшін мұндай мысалдар үлкен мотивация көзі бола алады. Олар өз өмірінің мәнін іздеуге, өздеріне сенімді болуға үйренеді. Осылайша, әлеуметтік педагог пен психологтың жүйелі жұмысы нәтижесінде балалар өздерінің қоғамға қажет екенін сезініп, жаңа жетістіктерге жетуге ұмтылатын болады.

Сонымен қатар әлеуметтік педагог өгей аналармен де жүйелі түрде жұмыс жүргізуі керек. Кейбір өгей аналар баламен қарым-қатынас орнатудың дұрыс жолын таба алмай, өздерінің де психологиялық қиындықтарға тап болуы мүмкін. Олар өздерін шынайы ана ретінде қабылдай алмағандықтан, балаға махаббат көрсету жағынан қиындық көреді. Мұндай жағдайда әлеуметтік педагог өгей анаға психологиялық қолдау көрсетуі, онымен жеке кездесулер ұйымдастырып, отбасыдағы қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған кеңестер беруі қажет.

Өгей ана тәрбиесіндегі оқушылар үшін мектеп – тек білім ордасы ғана емес, сонымен бірге психологиялық қолдау орталығы болуы тиіс. Мұндай балалардың мектептегі өмірі олар үшін эмоционалдық қауіпсіздік аймағына айналуы қажет. Әлеуметтік педагог мектеп мұғалімдерімен тығыз байланыста болып, оларды оқушының отбасылық жағдайы туралы хабардар етуі керек. Бұл мұғалімдерге оқушыға дұрыс қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын ұсынуға көмектеседі.

Өгей ана тәрбиесіндегі оқушыларды қолдаудың тағы бір маңызды жолы – оларды түрлі үйірмелер мен спорттық секцияларға тарту. Өнер, музыка, спорт секілді шығармашылық бағыттағы іс-шараларға қатысу арқылы бала өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік алады. Сондай ақ ол өз ортасын кеңейтіп, жаңа достар табады, бұл оның эмоционалдық тұрақтылығына оң ықпал етеді.

Әлеуметтік педагог өгей ана тәрбиесіндегі оқушылардың бойында мейірімділік, кешірімділік, ішкі сенімділік сияқты қасиеттерді дамытуды көздеуі тиіс. Бұл балалар кейде өгей анасына қарсы ішкі қарсылық сезімін сақтай отырып, өмір бойы психологиялық қысымда қалуы мүмкін. Сондықтан әлеуметтік педагог балаға дұрыс бағыт-бағдар беріп, оның өмірге деген сенімін нығайтуы қажет.

Қорытындылай келе, өгей ана тәрбиесіндегі оқушылармен жұмыс істеу – күрделі әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін процесс. Әлеуметтік педагогтың міндеті – баланың жан дүниесін түсініп, оның эмоционалдық жарақаттарын жеңілдетуге көмектесу, оған мектеп қабырғасында өзін жайлы сезінуге мүмкіндік жасау. Осындай оқушыларға деген дұрыс қарым-қатынас, жүйелі жұмыс және психологиялық қолдау олардың өміріне оң өзгерістер әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұқанова, С. (2020). Әлеуметтік педагогика: теория және тәжірибе. Нұр-Сұлтан: Астана кітап.
2. Жүсіпова, М. (2019). Отбасылық қарым-қатынас психологиясы. Шымкент: Білім әлемі.

**Түркістан қаласы**  
**"Алтын Ұрпақ" бастауыш мектеп бөбекжай балабашасы**  
**Әдіскер**  
**Назарбаева Айгерим Адилхановна**



## **БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Мектепке дейінгі білім беру мекемесін іске асырудағы мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мақсаттары балаларды тәрбиелеуде мұғалімдер мен ата-аналардың сындарлы өзара әрекеттесуі қамтамасыз етілген жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Сондықтан білім беру қатынастарының барлық қатысушыларымен жұмыс жасауда интерактивті технологияларды қолдану қажеттілігі туындайды. Мектепке дейінгі педагогикада технологияның ең маңызды түрлеріне мектеп жасына дейінгі балаларды тұлғаға бағытталған тәрбиелеу және оқыту технологиялары жатады. Мұндай технологиялардың жетекші принципі-баланың жеке ерекшеліктерін, оның дамуының жеке логикасын есепке алу, тәрбие мен оқыту барысында балалардың қызығушылықтары мен іс-әрекеттерінің мазмұны мен түрлеріндегі қалауларын есепке алу. Баланың жеке басына назар аудара отырып, педагогикалық процесті құру оның гүлденген өмір сүруіне, демек денсаулығына табиғи түрде ықпал етеді.

Педагогикада білім берудің бірнеше модельдері бар:

Пассивті-бала оқытудың "объектісі" ретінде әрекет етеді (тыңдайды және қарайды);

Белсенді-бала оқытудың "субъектісі" ретінде әрекет етеді (өзіндік жұмыс, шығармашылық тапсырмалар);

Инновация баланың жеке басының қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, формаларды, заттарды, технологияларды анықтайды. Осыған байланысты, балабақшаларда оқытумен байланысты бүгінгі инновациялық қызмет мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының кәсіби дамуының негізгі факторы болып табылады. Қазіргі әлемнің баласы-біздің ертеңгі болашағымыз. Жас ұрпақты қалыптастыру, оның дамуы, оның ішкі әлемін егжей-тегжейлі зерттеу және анықтау және оның қабілеттері мен мүмкіндіктерін одан әрі дамыту үшін жағдай жасау әр мұғалімнің басты міндетіне айналады. Мұның бәрі мектепке дейінгі мекеме мұғалімдерінің жаңа педагогикалық технологияларын жеткілікті білім алу, мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың жеке басының деңгейін дамыту үшін жетілдіру қабілетіне байланысты. Себебі, қазіргі кезеңде білім беру және ғылым саласындағы инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды және қаншалықты маңызды, сондықтан педагогикалық технологиялар мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

"Инновациялық технологиялар - бұл білім берудің басым мақсаттарымен ұштасқан пәндер мен әдістер: оқыту - бұл тәрбие процесін ұйымдастырудың бірыңғай жалпы тұжырымдамасымен байланысты жаңа міндеттердің, мазмұнның, формалар мен әдістердің күрделі және ашық жүйесі, мұнда әр позиция екіншісіне әсер етеді және сайып келгенде баланың дамуы үшін жағымды жағдайлар кешенін құрайды". Бүгінгі таңда әрбір педагогтың тікелей міндеті болашақ ұрпақтың еркін, белсенді дамуына, жан-жақты білім алуына, шығармашылық дамуына жағдай жасау екені белгілі. Себебі, инновациялық қызмет – педагогтардың балабақша балаларымен жұмыс жасаудағы педагогикалық технологияларды, әдістер мен әдістерді, психология мен педагогиканы терең білуі мұғалімдердің қандай да бір нақты мақсаттарға жетуіне көмектеседі. Нақтырақ айтсақ, бұл әрекет қызығушылық пен өміршендікті арттыруға ықпал

етеді, оқыту мен тәрбиелеу процесін саналы және сапалы етеді. Жаңа технологияның тенденциясын талап ету баланы оқытудағы мақсаттарға жетуге, оның ақыл-ой қабілеттерін іс-әрекеттер арқылы дамытуға, танымдық белсенділікті, жан-жақты дамуды және жаңа нәрселерді тез қабылдау қабілетін арттыруға әсер етеді. Қоғам дамуының осы кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердің білім беру жүйесінде оқыту, тәрбиелеу процесінде технологияландыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Осыған байланысты мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесінде оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары құрылады және қолданылады.

Интерактивті (ағылшын тілінен *interection* - өзара әрекеттесу, бір - біріне әсер ету) - Оқу процесі барлық оқушылардың тұрақты, белсенді өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асырылады; мұғалім мен бала білім беру процесінің тең субъектілері болып табылады. Оқытудың интерактивті моделін қолдану өмірлік жағдайларды модельдеуді, рөлдік ойындарды, жобалық әрекеттерді, проблемалық жағдайларды бірлесіп шешуді қамтамасыз етеді. Интерактивті технологиялар - бұл білім беру процесі барлық оқушылардың тұрақты, белсенді өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асырылатын біртұтас жүйе, мұғалім мен бала білім беру процесінің тең субъектілері болып табылады. Интерактивті оқыту - бұл оқыту субъектілері мен объектілерінің жақсы ұйымдастырылған кері байланысы, олардың арасында екі жақты ақпарат алмасу.

Интерактивті білім беруді ұйымдастыру принциптері:

- диалогтық өзара іс-қимыл;
- кооперация және ынтымақтастық негізінде шағын топтарда жұмыс істеу;
- белсенді-рөлдік (ойын) жұмыс түрі.

Интерактивті технологиялар оқушылардың білім беру ортасымен тікелей өзара әрекеттесуіне негізделген. Бұл жағдайда білім беру кеңістігі шындық ретінде әрекет етеді, онда әр бала өзі үшін игерілген тәжірибе аймағын табады және басқалар үшін тәжірибе тасымалдаушысы бола алады.

Интерактивті технологияны қолданған кезде тәрбиешінің міндеті-оқушылардың бастамасын жүзеге асыру және дамыту үшін жағдай жасау. Мұнда олар білім беру процесінің толыққанды қатысушылары ретінде әрекет етеді, мәселелерді шешуде олардың тәжірибесі мұғалімнің тәжірибесінен кем емес маңызды, ол дайын білім бермейді, оқушыларды өз бетінше іздеуге итермелейді және шешім таңдау құқығын береді, сонымен бірге баланың қателесу құқығын қалдырады және талдау (интроспекция) негізінде дұрыс шешім іздеу бұрын таңдалған позиция.

Тәрбиеші мұнда бірнеше негізгі рөлдерде ойнайды:

- ақпараттандырушы-сарапшының рөлі, ол мәселенің мәнін баяндайды, жағдайды сипаттайды, қатысушылардың сұрақтарына жауап береді, процестің нәтижелерін бақылайды және т.б.;
- ұйымдастырушы - балалардың әлеуметтік және физикалық ортамен өзара әрекеттесуін реттейді (микро топтарға біріктіреді, оларды деректерді өз бетінше жинауға шақырады, тапсырмалардың орындалуын үйлестіреді);
- кеңесші рөлінде ол балалардың тәжірибесіне жүгінеді, қойылған міндеттердің шешімін іздеуге, жаңаларын өз бетінше қоюға және т. б. көмектеседі.

Интерактивті технологиялардың тиімділігінің төмендеу себептері танымдық процестердің дамуының әртүрлі деңгейімен (сөйлеу, ойлау, есте сақтау, қиял, зейін); тәрбиеленушілердің жұмыс қарқынымен; оқушылардың жұмыс қабілеттілігінің (шаршау) деңгейімен; коммуникативті қабілеттердің төмен деңгейімен, мазасыздықпен, балалардың қысылуымен, жас ерекшеліктеріне байланысты мінез-құлықты өзін-өзі реттеудің тиісті деңгейінің болмауымен және т. б. байланысты болуы мүмкін. Интерактивті оқыту технологиясы тәрбиеші мен балалар арасындағы, сондай-ақ балалардың өздері арасындағы қарым - қатынастың ерекше, көпжақты түрін көздейді және келесі коммуникациялық өзара іс-қимыл жасауға болады: "бала-бала" (жұпта жұмыс істеу), "бала-балалар тобы" (топта жұмыс істеу), "бала-аудитория" немесе "балалар тобы-аудитория" (топтардағы жұмыстың бастамасы) және т. б.

Шағын топтарда жұмыс істегенде балалар рөлдерді бөлуді үйренеді, бірлескен автор болады, бір-бірінің тілектерін ескереді, жалпы тұжырымдар мен қорытындылар тұжырымдайды, жолдастарының алдында өз таңдауын қорғайды.

Интерактивті технологиядағы тәрбиешінің ең маңызды міндеті-ақпарат алмасу процесін бағыттау және оған көмектесу: әртүрлі көзқарастарды анықтау; қатысушылардың жеке тәжірибесіне жүгіну; белсенділікті қолдау; теория мен практиканы байланыстыру; қатысушылардың тәжірибесін өзара байыту; қабылдауды, ассимиляцияны, өзара түсінуді жеңілдету; шығармашылықты ынталандыру

Интерактивті оқыту мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың арнайы формасын қамтиды, мұнда ақпарат пассивті режимде емес, интерактивті циклдарды қолдана отырып белсенді түрде игеріледі. Интерактивті циклдар - бұл мұғалімнің белгілі бір жағдайлар жасауындағы кейбір дәйекті интерактивті әрекеттердің арнайы дизайны. Интерактивті оқыту технологиясы деп педагог пен тәрбиеленушілердің оқу ойындары түрінде өзара әрекеттесуін ұйымдастыру тәсілдерінің жүйесін түсінуге болады, бұл педагогикалық тиімді танымдық қарым-қатынасқа кепілдік береді, нәтижесінде балалардың орындалатын іс-әрекеттегі сәттілік жағдайын сезінуіне және олардың мотивациялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және басқа салаларын өзара байытуына жағдай жасалады. Интерактивті оқыту технологияларын қолдана отырып, оқыту процесінің құрылымында келесі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

Инновациялық технологияның негізгі мақсаты-әр баланың жеке қабылдауы мен даму деңгейлерін ескере отырып оқыту. Бұл педагогикалық технологияларды балабақша балаларының жас ерекшеліктерін, әр кезеңде әр баланы қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып қолдануға болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз. Сондықтан олар заттарды ұстағанды және көргенді ұнатады. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту процесінде көрнекі құралды, ойын технологиясын кеңінен қолдану керек. Тәрбиеші-балада білімнің негізін қалайтын маңызды тұлға.

**“Түркістан облысының психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру” КММ  
Дефектолог маманы  
Әсілхан Ақниет Сәкенқызы**

## **ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕРІК – ЖІГЕР СФЕРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Зияты зақымдалған балалардың ерікті сферасының мәселесін қазіргі заманғы көптеген психологтар зерттеген. Олардың ішінде Д. Н. Исаев, В. Г. Петрова, И. В. Белякова, В. М. Сорокин, Л. М. Шипицына және басқалар бар. Зияты зақымдалған мектеп оқушылары өз бетінше мақсат қоя алмайды, сонымен қатар оларға жүктелген міндеттерді толық түсінбейді, іс-әрекетін жоспарлауды білмейді, бастамасы аз. Оларға ерікті әрекеттерді бақылау және мінез-құлқын белгілі бір міндеттерге бағындыру қиын. Студенттер сыртқы әсерге бірден импульсивті реакциялармен және басқа адамның іс-әрекетіне қарсы тұра алмауымен сипатталады. Дегенмен, зияты зақымдалған балалардың мақсатқа жету үшін табандылық танытатын кездері болады. Сонымен, мысалы, зияты зақымдалған бала шынымен дәмді тағам алғысы келсе, ол қалаған тағамды алу үшін күшті табандылық танытуы мүмкін. Бұл жағдайда қиындықты жеңу қабілеті ашылады. Зияты зақымдалған мектеп оқушылары басқалардың ықпалына түскенде, кеңестерді ұсынатын және сынсыз қабылдау бірінші орынға шығады. Алайда, зияты зақымдалған баладан қандай да бір пайдалы іспен айналысуды сұрағанда, ол қыңыр, төзімді болып, сұрағанға қайшы келеді.

Еріктің бұл қарама-қарсы көріністері зияты зақымдалған баланың жеке басының жетілмегендігін және оның рухани қажеттіліктерінің дамымағандығын білдіреді.

Зияты зақымдалған балалар жұмысты орындау кезінде қиындықтарды жеңуге ұмтылмайды, негізгі мақсаттан алыстайды, өз іс-әрекетінің нәтижесін сынамайды. Негізінен, зияты зақымдалған мектеп оқушыларының іс-әрекет процесінде кездесетін кедергілері олардың моторикасының ерекшеліктерімен байланысты. Осы қозғалыстың бұзылуына байланысты ақыл-ойы кем балалардың әрекеттері дәл емес және ыңғайсыз болады. Осыған байланысты мектеп оқушылары, мысалы, картон қорапты жасау кезінде қажетті ұзындықтағы кесінді жасай алмайды. Ерік сферасының жетілмегендігінен мектеп оқушылары іс-әрекетті орындауда қиындықтарға тап болады. Әдемі нәрсе жасауға бірден кіріскісі келетін студенттер өндірістік әрекеттердің реттілігіне мән бермеуі мүмкін. Нәтижесінде қиындықтар туындаған кезде балалар жылай бастайды, капризді болады, жұмыс істеуден бас тартады. Еңбек нәтижесіне қарым-қатынас маңызды мотивация болып табылады, өйткені балалардың орындалған жұмысқа оң эмоционалдық қатынасы, іс-әрекет нәтижесінен ләззат алу олардың осы сезімдерді қайта сезінуіне итермелейді. Кейбір ақыл-ойы кем оқушылар жұмысын аяқтаған кезде өзін бақытты сезінеді. Оқушылардың көпшілігі мұғалім олардың жұмысын бағалағаннан кейін ғана қанағаттану сезімін сезінеді. Кейбір балалар баға алғаннан кейін жұмысын бірден бұзады.

**Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы  
№6 жалпы орта мектеп  
Ағылшын тілі пәні мұғалімі  
Даркенбай Назира Алтысбайқызы**



## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Оқушылармен жұмыс істеген педагогикалық тәжірибемде байқағаным ағылшын тілін оқытуда ойын элементтерін, оқушының жас ерекшелігіне, сабақтың тақырыбына сай қолдана білу өте тиімді. Егер мұғалім әр сабақта тиімді қолдана білсе сабақ мақсатына жете алады яғни нәтижелі болмақ. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларына өз пәнімде ойын элементтерін жиі қолданып отырамын. Бастапқыда қолданған ойынды сабақтың тақырыбына, мақсатына негіздедім. Сабақ соңында рефлексияда ойын элементтерінің тиімді нәтиже көрсете бастағанын байқадым. Сонымен қатар әр сабақта бір ойынды қолдана беру оқушыны жалықтырп жіберетіндіктен түрлендіріп отыруды қолға алдым. Ол үшін сабақты жоспарлағанда іздене отырып белгілі бір ойын түрін тандап аламын. Міндетті түрді ойынның мақсаты болу керек. Және де ойынға қажетті материалдық база дайындап алу керек. Сөйтіп көрнекі құралдар да ретімен жинақтала бастайды. Атап айтсам доп, шарлар, түрлі түсті қағаздар, әртүрлі қуыршақтар, асықтар, қатырма қағаздар, үлестірмелі қағаздар т.б. Ең бастысы оқушылар түгел қатысып, пәнге деген қызығушылығы арта түседі. Өз ойын, пікірін, көзқарасын білдіруге, екінші бір адамның жауабын тыңдап, оны толықтыруға, жетістіктері мен кемшіліктерін айта білуге жаттықтырады.

Сондықтан ойын технологиясын жеткілікті деңгейде орындау, тиімді әдістермен ұйымдастыру, практикалық, тәрбиелік және дамытушылық жағынан негізгі оқыту тәсілдердің бірі болатындай жолдарын іздестіру.

Ойын дегеніміз: Іс-әрекет; еркіндік; ұжым арқылы тәрбиелеу және білім беру; баланың психикасын, ой-өрісін дамыту; Пәнді қызықтыра отырып үйрету.

Мысалы биылғы бірінші сыныпта жаңаша бағдарлама мазмұнында Smiles 1 авторы Jenny Dooley-Virginia Evans оқулығымен алғаш рет жұмыс істеп жатырмыз. Критериялды бағалау түрлері қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалау жүргізілуде. Дәл осы қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруда ойынның маңызы зор. Оқушы жетістікке, жақсы нәтижеге қол жеткізуі үшін ойынға белсене қатысады. Белсенділік таныта отырып тиімді қолданған ойын арқылы сабақтың мақсатына жетіп тақырыпты меңгереді. Осы оқулықта бекітілген My Family, My School, My Room, My Pets, My Food, My music бөлімдеріне байланысты ойын түрлерін қолдануға болады. Қандай ойынды, сабақтың қай кезеңінде қолдануды алдын-ала жоспарлай отырып, нәтижелі мақсатқа жетуге болады. Оқушыларға қызықты болуы үшін Activity Book, Pupil's Book ерекше безендіріліп, түрлі-түсті етіп берілген. Оқулық соңында сәйкестендіру тапсырмасында оқушы өзі тауып жапсыруы үшін жапсырмалар Stickers (наклейкалар) ұсынылған. Оқушылар бұл жапсырмалармен қызыға жұмыс істеуде. Сонымен қатар қалыптастырушы бағалаудың бір түрі ретінде қолдануға болатын смайликтер де бар. Тек қана ойынмен шектелмей әр бөлімге арналған әндерді әуенімен орындау да оқушылар үшін ерекше қызықты, тақырыптағы жаңа сөздерді меңгеруге өте ыңғайлы деп айта аламын. Draw and say, Listen and colour, Find and draw lines6, Project time, Let's play Bingo, Graftwork барлығы да оқушының жас ерекшелігіне, ойынға негізделген.

Ағылшын тілін оқыту әдістемесінің бірі ойын элементтерімен іс-әрекеттер арқылы оқыту. Ойын элементтері оқытудың бір түрі болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың белсенділігін пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруында болып табылады.

Оқудың алғашқы кезінде оқушының тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне көмектеседі. Ойын түрлерін дұрыс өткізілген сабақта оқушылардың тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді білуге қызығады.

Оқушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері болып саналады. Ойын оқушыны бірігіп жұмыс істеуге бағыт береді, іздендіру дағдысына қалыптастыруына мүмкіндік туғызады.

Ойынның мақсаты - бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау.

Міндеті - баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта – ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Мұғалім сабағын баланың қабілет - қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды. Көптеген әдебиеттерді оқып, интернеттен іздеп, баспа – құралдарымен танысып, сабақ жоспарларымды зерттеу нәтижесінде ойын арқылы қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болатынын түсіндім. Сонымен мынандай қорытындыға келдім. Сабақта қолданатын дидактикалық ойындарды 4 топқа бөлуге болатынын білдім.

1. Фонетикалық ойындар.

Мақсаты: Оқушыларды ағылшын дыбыстарын еш қиындықсыз дыбыстауға, алфавитті меңгертуге үйрету.

2. Грамматикалық ойындар

Мақсаты: Грамматикалық тақырыптар бойынша білім, білік, дағдыларын бекіту.

3. Орфографиялық ойындар

Мақсаты: сауатты жаза білуге дағдыландыру

4. Лексикалық ойындар

Мақсаты: өткен тақырып бойынша сөздік қорларын кеңейту және бекіту.

Мысалы, «Қимылдарды көрсету» ойынын қарастырайық. Ойыншылар ортағ шығып шеңбер құрып тұрады, ал ортадағы оқушыға “Sit down”, “Stand up”, “Dance, dance”, “Jump, jump” деген бұйрықтарды айтады, ортадағы ойыншы орындайды. Барлық оқушы ат салысады және жаңа сөздерді оңай меңгеріп алады. “My body” тақырыбын өткенде оқушы тақтаға келеді, көзін байлап келесі оқушы «eyes, nose, ear, mouth» деп айтып тұрады, ал бірінші оқушы сурет салады. Соңында қандай сурет болып шыққанын көреді, оқушылар ойын арқылы дене мүшелерін қалай атауды жаттап алады. Тағы бір жиі қолданатын ойыным «Poliglot». Оқушыларға доп лақтырып тұрамын да өткен сабақта үйренген заттардың атын қазақ тілінде айтамын ал допты ұстаған оқушы үш тілде айтады. Бұл ойынға да оқушылар қызыға қатысады. «Балапан» бағдарламасының бірі «ABC English» тан үйрндім деп жаңа сөздерді жарыса айтып жатады.

Қорыта келгенде, оқушылардың білім, білік шеберліктерінің жан жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне ойындар көп көмек береді. Олар арқылы түрлі дағдыларды меңгеру барысында оқушылар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қорытынды жасауға дағдыланады. Бастауыш сынып пен орта буын сабақтастығы барысында оқу үрдісінде «ойын» түрлерін пайдалану, біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқытудың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет.

**Түркістан облысы, Түркістан қаласы  
№7 арнайы мектеп-интернаты  
Тәрбиеші  
Дауылбаева Ажар Садықбаевна**



### «ДЕНІ САУДЫҢ - ЖАНЫ САУ»

**Сабақтың мақсаты:**

1. Оқушыларға денсаулық ұғымының құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, салауатты өмір салтын сақтаудың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.
2. Оқушыларды денсаулықты күтуге, қадірлеуге жауапгершілікке, тазалыққа тәрбиелеу.
3. Оқушылардың ойлау, көру, есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын молайту. сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

**Сабақтың көрнекілігі:** Слайд, суреттер.

**Сабақтың әдіс – тәсілі:** Ой – қозғау, әңгімелеу, сұрақ – жауап.

**Сабақтың өтілу барысы:**

**I. Ұйымдастыру барысы:**

- Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Балалар бір – бірімізге жақсы тілек айтайықшы, денсаулыққа байланысты.

**II. Кіріспе:**

1. «Таза жүру өмірде» дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Адамның денсаулығын сақтауға кім жауапты? Неге?

3. өз бойыңдағы жағымсыз әдеттерден арылу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар?

- Ал балалар, бейнебаянды тамашала , осы бейнебаянға тақырып қоямыз.

- Ал қане балалар бейнебаяннан нені білдік, не туралы көрдік. Жарайсыңдар балалар бәріміз бірге бүгінгі сабағымыздың тақырыбын айтайықшы.

**«Дені саудың жаны сау»**

Денсаулық адамның басты байлығы, сондықтан денсаулықты сақтай білейік. Күлкі адам денсаулығын ұзартады, ешқашан жүзімізден күлкі кетпесін.

Денсаулық әркімнің өз қолында. Денсаулықты адам баласына табиғат сыйлаған басты байлық. Денсаулықты жоғалту оңай, қалпына келтіру қиын. Сондықтан адамның денсаулығының мықты болуы, адамның өзіне байланысты. Жағымды, жағымсыз заттарды дұрыс таңдау арқылы, салауатты өмір сүруге болады. Балалар сендер қараңғы үйге кіріп келіп, шам жақсаңыз, шам үйді жарық қылады. Біздің өмірімізді жарық қылатын, жан – жағымызға тамаша сәулесін шашатын өмірдегі басты байлық не деп ойлайсыңдар?

- Ол денсаулық.

Балалар денсаулығымыз мықты болу үшін не істеуісіз керек?

Шынығып, спортпен дос болып, дұрыс тамақтану, тазалық сақтауымыз керек.

- Ендеше денсаулықты сақтау, өз қолымызда. Денсаулықты сақтау, ең әуелі тазалықты сақтаудан басталады екен.

- Денім сауболсын десең – тамақты ішер алдында жіне ішіп болғаннан кейін, қолыңды жуу.

- Ендеше балалар денсаулыққа байланысты өлең шумақтарымызды айтайықшы.

Жаттаулар.

Әли.

- Денсаулық ол – шыныққан  
Барлық дене мүшесі  
Денсаулық ол тыныққан  
Жүйке тамыр жүйесі  
Көңіл – күйің жадырай  
Денсаулық ол – жүруің,  
Ешбір жерің ауырмай.

Нүрислам.

- Денсаулықтың қадірін  
Ауырғанда білерсің  
Жастық шақтың қадірін  
Қартайғанда білерсің  
Отыз тістің қадірін  
Қақсағанда білерсің.

Шах.

- Денсаулық зор байдық.  
Адхамбек.  
- Боларсың шымыр шынықсаң  
Денің сау болар балғадай  
Түсініп сырын сен ұқсаң  
Темекі досың болмағай.



#### IV. Пысықтау сұрақтары.

1. Жеке бас гигиенасын сақтау дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Салауатты өмір салты дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Өз бойыңдағы жағымсыз әдеттерден арылу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар?
4. Денсаулығымыз мықты болу үшін не істеуіміз керек?

#### V. Қорытынды:

- Бүгін біз қандай тақырыпта сөз қозғадық?
- нені ойға тоқып, жадымызға сақтауға тиіспіз?

#### VI. Бағалау

Қарапайым күндерін қора еңбекпен көріп жүрген тұрғындарды айтады.

#### III. Негізгі бөлім:

##### Ертегеі: Әділ және адал шаруа

Баяғыда бір шаруа болыпты. Ол тынымсыз еңбек етіп, үй алу мақсатында ақша жинайды. Күндердің бір күнінде ақыры бір ауылдың шеткі жағынан үй алады. Үйінің айналасынан өзіне құдық

қазады. Осы құдықты қазып жатып , іші толы алтын құмыра тауып алады. «Бұл тапқан қазынаны өзім алсам әділетсіздік болар», - деп ойлайды ол.

«Мен мұны осы үйдің бұрынғы егесіне берейін. Мен оған тек жердің бетіндегі үй ішін ғана ақы төледім. Жердің астында жатқан қазына, байлыққа бір тиында бермедім ғой . Содан жаңағы шаруа тапқан қазынасын алып, үйдің бұрынғы иесіне барады. – Мен сенің маған сатқан үйіңнің ауласынан құдық қазып жатып, қазына тауып алдым. Бұл қазынаны сенің алуың керек деп ойлаймын. Мен саған тек жер бетінде тұрған үй үшін ғана ақы төледім . Жердің астындағы байлыққа ақша бермедім ғой , - деді ол.

4. Қазынаны алмаймын – дейді үйдің бұрынғы иесі . – Мұным әділетсіздік болар мен саған үйді жерімен бірге саттым, яғни өз аулаңда тапқан қазынада сенікі. Мен бұл қазынаны жасырып жер астына көмгенім жоқ, сондықтан мұның иесі мен емес, өзің ал дейді. –

Бұл қазына үшін мен ақы төлемедім ғой , мен қалай аламын ниеттері болмады. Болмаған соң олар кемеңгер ақсақалға келеді. Ақсақал айтады осы тапқан қазынаны екеуің тең бөлісіп алыңдар.

Ақсақалдың шығарған шешіміне екеуіде келіспей байлықтан бас тартады. Содан екеуі сөзге келіп қалады. Осы уақытта Ақсақал былай дейді: - Балаларың барма екеуіңнің ?

5. Менің ұлым бар , дейді біреуі.

6. Менің қызым бар , дейді екіншісі.

7. Оларды үйлендіріп қазынаны екеуіне беріндер – дейді ақсақал. Сол кезде шаруа мен бұрынғы үй иесі татуласады . Ақсақалдың шығарған шешімімен келіседі бұл шешім екеуінің көңілінен шығып « Осы әділетті болар» деп ұйғарады. Екі жас бір – бірін ұнатады. Олар үйленіп , бақытты отбасы болады. Байлықтарын игі іске пайдаланып елін көркейте түседі.

#### IV.Пысықтау сұрақтары :

**Ойын :** Қазақтың ұлттық ойыны «Шертпек ойыны», асық ату,

- 1
- 2
- 3
- 4
- 5
- 6

Мына жерге асықты сандарға шертеді .

1. Ертегі қалай аталады ?
2. Әңгімедегі кейіпкерден қандай қасеттер байқадыңдар?
3. Шаруа үй жағынан не тауып алды ?
4. Шаруа қазынаны тауып алып , қандай ойда болды ?
5. Үй егесі м ен шаруа қазынаны неге алмады ?
6. Әділдікті шешу үшін кімге барды ?

#### VIҚорытынды :

8. Бұл әңгімеден қандай тәрбиені алдық ?
9. Біреудің затын алуға болмайтындығын , кешірімшіл, сыйластықпен, мейірімділікпен, шыншылдыққа, әділдікке шақырады екен .
10. Үй сатқан адам мен шаруа адамның адалдығы мен әділдігін білдік.

#### Бағалау:

11. Оқушыларды мақтап мадақтау .

**КГУ "Общеобразовательная школа села Коржынокль отдела образования по Егиндыкольскому району управления образования Акмолинской области"**

**Преподаватель физической культуры  
Ауезов Шынасыл Шуйншалиевич**



## **ЗНАЧЕНИЕ ДВИГАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДЛЯ СОХРАНЕНИЯ ЗДОРОВЬЯ**

| 5 мин                    | <b>Ойтолғау</b><br><b>«Уақыт алтыннан да қымбат»</b> деген тақырыпта ойтолғау жазыңыздар.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                            |                                                                                                                     |
| 4 мин                    | <b>«Шыңға шығу» әдісі</b><br><br><b>Платформа арқылы берілген тапсырмаларды орындау</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Оқушылар платформа арқылы тапсырмаларды орындайды,сұрақтарға жауап береді                                                                                                                | Дескриптор .<br>Киылған қиындыларды сәйкестендіріп құрайды                                                                                                                 |                                                                                                                     |
| Сабақтың соңы<br>3 мин   | <b>Кері байланыс. .</b><br><b>Рефлексия</b><br><b>«Қоржынды сый»</b><br>Әр оқушы өзінің бүгінгі сабақтан алған әсерін «Қоржынды сый» арқылы кері байланыс жасайды<br><b>Үй тапсырмасы:</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Оқушылар «Қоржынды сый» әдісі бойынша кері байланыс жасайды.                                                                                                                             | Бағалау                                                                                                                                                                    | Слайд<br>                      |

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы  
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі  
Арнайы пәндер оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші  
Балгазиева Ляззат Танатаровна



## КРЕАТИВТІ ОҚУ ЖӘНЕ ЖАЗУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Ұстаз үздіксіз ізденген де ғана,  
шәкірт жанына нұр құя алады  
**А.Байтұрсынов**

Білім берудегі төрт дағдының көздеген мақсаты әрбір тұлғаның жеке қабілеттерін ашып, өмірге бейім адамды қалыптастыру болса, соның ішінде жазылым дағдысының көтерер жүгі өте ауыр.

Жазылым дағдысы - тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын білдіру деңгейіне бағытталады.

Жалпы, оқушылардың креативті ойлау қабілетін дамыту үшін оларды тек мәтін оқумен шектемей, шығармашылық тапсырмаларды орындауға да бағыттау керек. Өз тәжірибемде шығармашылық тапсырмаларды төмендегідей бағытта орындауға жұмыстанамын.

✓ **Шығармашылық жазу:** Оқушыларға түрлі тақырыптарда еркін жазу тапсырмаларын беру, оларды өз ойларын жүйелі әрі шығармашылық түрде жеткізуге үйретеді.

✓ **Жазбаша жұмыстарды түзету:** Оқушылардың жазған жұмыстарын өздері түзету арқылы қателерін анықтап, жазбаша сауаттылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Жазылым - төрт дағдының бірі және ол **өнімді дағдылар** қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. жұмыстың түрлерін атап көрсетуге болады. Мысалы, ОН 3.7 Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қазақ тілі әдістемесін қолдану моделі бойынша «№ 11-12 практикалық жұмыс. Жазылым дағдысы бойынша өткенді қайталау» тақырыбында өткен сабағымда «Мақала жазу, мемуар, еркін жазу, виньетка» әдістерін қолдандым. Аталған әдістер білім алушылардың тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, қорытынды шешім шығару, өз көзқарасын білдіру деңгейін көруге болады. Бұл әдістер сабақ үстінде тақырып бойынша білім алушылардың білімін тексеруге, бірінің білмегенін екіншісі толықтырып көпшіл болуға тәрбиелейді.

**Белгілі бір жазылымды толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:**

- Әуелі жазылуы көзделген нәрсені анықтап алу;
- ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау;
- **шімай нұсқасын** (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру
- түзету және редакциялау ( қателерді түзету және мазмұнын толықтыру)
- тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу)
- дұрыс нұсқаны (екінші немес соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Жоғарыда аталған әдістер бойынша жұмыстанған білім алушылардың шығармашылық жұмыстарымен бөлісіп, жұмыстарын жариялаймын.

## Студенттік өмір: білім мен достықтың үйлесімі



Сарсенбаева Шаттық Жандарбекқызы  
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі  
«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі,  
ҚТ-405 студенті

*Мақала- бұл белгілі бір тақырыпқа арналып жазылған ғылыми, қоғамдық немесе ақпараттық мәні. Мақалада автор өз көзқарастарын, зерттеу нәтижелерін немесе тәжірибелерін оқырманға түсінікті әрі дәлелді түрде ұсынады.*

Әр адамға жауапты кезең - мамандық таңдау. Адам өмірінің қайсыбір кезеңі болмасын, өз алдына ерекше әрі қайталанбас болып келеді. Әрбір шақ бір-бірінен асып түсер, қиындығы мен қуанышы қатар жүрер, бір топ естеліктер жинағы іспеттес. Соның ішінде ең бір ыстық, жүрекке ерекше жылулық беретін өмір кітабының бір парағы- студенттік шақ болып табылады.

Мектепті жаңа ғана тәмәмдап, ата-анасымен ұстаздарына, еркелеп өскен, үйден жырақ шығып үйренбеген жас жеткіншектердің арман қуып, өмірдің ең үлкен бөлігіне аяқ бастым. Жаңа қала, жаңа тыныс, жаңа таныстық. Маңызды шешімді қабылдаудың шегіне жеттім. 2021 жылы Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжіне оқуға түстім. Таңдаған мамандығым “Қазақ тілі мен әдебиеті” пәнінің болашақ мұғалімі. Таңдаған мамандық, оқу орны үздіксіз білім алуға және өз дағдыларымды жетілдіруге мүмкіндік берді. Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдау керек. “Мен неге өз жүрегімнің қалауын жасамадым?” деген ойлар жиі мазалайды. Бірақ бірте - бірте ойым өзгере бастады. Өзімнің таңдаған мамандығыма деген қызығушылығым оянды. Бұл қызығушылық алғаш іс-тәжірибе жинауға, мектеп қабырғасына барғанда пайда болды. Мектепке кіргеннен-ақ, өзімді мазалаған сан түрлі ойлардан арылып, оқушылардың тәтті қылықтарын көріп шаттанамын. Ол сезім ерекше. Өз ісінді жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарсаң ғана адам өзін бақытты сезінеді екен. Іс-тәжірибеден өту барысында қиындықтар туындады. Сабақ жоспарын құру барысында қатты қиналып жүрген сәттер де артта қалды. Бірнеше мектептерге барып бұл саланың да, аз да болса құлағында ойнайтын дәрежеге жеттік. Осындай дәрежеге жетуіміздің арқасы білім ордамыздағы оқытушылардың арқасы. Көз алдымызда студенттер үшін өзінің күш-жігерін, уақытын сарқ етіп, білім мен тәрбиені барынша дамытуды мақсат еткен мейірімді жандар жетерлік. Біздің шырағымызды жаққан, оқытушыларға мың алғыс!

Қиындығы мен қызығы бірге жүрген 4 жылдың қалай тез өткенін байқамайда қалдық. Қазір жылы группамызды қимай, жүрегіміз елжіреп бақытты сәттерімізді еске алмыз. Ұзақ жылға созылады деп ойлаған сапарым бір-ақ сәтте өте шыққан секілді. Менің болашақ мамандығым жай таңдауым емес, өмірімнің айнасы екенін түсіндім.

Қорытындылай келе, мұғалім жай ғана мамандық емес, бұл - жүректің жылуы мен үлкен жауапкершілікті талап ететін ұлы іс екенін түсіндім. “Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деген ұлы Абайдың сөзі мұғалім еңбегінің мәңгілік мәнін ашады.

Қайырова Гүлім Файзуллақызы  
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі  
«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі,  
ҚТ-405 студенті



## БЕЙТАНЫС АУДИТОРИЯ, ТАНЫС АРМАНДАР

Колледждің есігін алғаш ашқан күн – менің өмірімдегі ең толқынысты сәттердің бірі. Жүрегімдегі сансыз сұрақтар мен беймәлім ортаға деген қызығушылық мені жаңа әлемге жетеледі. Аяғым табалдырықты аттаған сәтте жүрегім дүрсілдеп, толқу мен қуаныш сезімдері араласып кетті. Жан-жағыма қарап, көзіме көрінгеннің бәрі жаңа әрі таңсық еді. Аудиториялар, ұзын дәліздер, оқытушылар – бәрі бейтаныс болатын. Бірақ сол сәтте мені алға жетелеген бір ғана нәрсе бар еді – ол менің арманым. Қадамдарым баяу болса да, жүрегімнің түкпірінде бір ғана сезім күшейіп тұрды – бұл менің армандарымның бастауы екеніне деген сенім.

Оқытушымыз бізді оқу жылымен құттықтап, алдағы күндеріміздің қызықты әрі жауапты болатынын айтты. Оның әр сөзі менің болашағыма бағыт бергендей еді. Жанымда отырған адамдарға қарап, олардың да мен сияқты жаңа өмірге қадам басқанын сезіндім. Сол сәтте бәрімізді біріктіретін ортақ нәрсе – армандарымыз екенін ұқтым. Әрқайсымыздың жүрегімізде үміт бар, ал сол үміт бізді осы аудиторияға жинаған.

Уақыт өте келе бейтаныс жүздер таныс жандарға айналды. Біз ортақ мақсаттарымызды бөлісіп, қиындықтарды бірге еңсеруге үйрендік. Бір кезде маған салқын көрінген аудитория енді жылы ұядай сезіле бастады. Мұнда мен тек білім ғана емес, жаңа достар мен өмірлік тәжірибелер таптым. Сол алғашқы күндегі сезімдерім әлі есімде. Аудиторияның маған алғашында жат көрінгені, бірақ жүрегімдегі таныс армандардың бәрінен биік тұрғаны. Сол армандарым мені алға жетелеп, осы күнге жеткізді. Енді бұл орын – менің арманымды жүзеге асыратын қасиетті мекенім.

Мемуар - қысқа және нақты  
тақырыптардан тұратын жеке  
басынан өткен оқиғалар жазбасы.  
Мемуар тақырыптары нақты  
тәжірибемен байланысты,  
өмірбаян түріндегі жалпы өмір  
тарихы емес.



Алибаева Томирис Алтынбековна  
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі  
«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі,  
ҚТ-405 студенті

### “ҰСТАЗ БАҚЫТЫ”

«Бақыт деген не өзі?», –  
деп бастады топ таласты.  
Бірі оны мектептен іздеп,  
бірі қырдан әрі асты.  
Бірі айтады: «Бақыт деген –  
жақсы еңбек, жалақы.  
Мұғалімнің бар керегі –  
бейнетінің бағасы».  
Бірі айтады: «Жоқ, бақыт деген –  
оқушының құрметі.  
Ұстаз аты асқақ болу –  
ең жоғарғы міндеті».  
Бірі айтады: «Бақыт деген –  
жақсы шәкірт тәрбиелеу.  
Білімді болып тамыр жайса,  
сонда ғана нәр берер».  
Бірі айтады: «Бақыт деген –  
ұжымыңа сыйлы болу.  
Ынтымақпен еңбек етіп,  
бақыт өзін қолға жию».  
Пікірлердің таласына осылай  
мен жолықтым.  
Мұғалімнің бақыты оңай  
келмейтінін ұғыппын.  
Безбеймін мен шәкірттен де,  
ұжымнан да, еңбектен.  
Байқаймын мен, бақыт деген –  
жүректегі тең көктем.  
Үміт үзбей іздейді олар,  
тыңдап сол бір жақұтты.  
Ұстаз бақыты алыста емес,  
шәкіртінен тауыпты!

«Еркін жазу» әдісі – таза парақ  
бетіне кез келген тақырып  
аясында жазу, әртүрлі сөздер  
мен сөз тіркестері, бейнелер  
мен образдардан құралған  
жазба түрі шығармашылық  
шегін кеңейтуге, ой ұшқырын  
шыңдауға батыл болуға алып  
келеді.

Әбдрешова Динара Амандыққызы  
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі  
«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі,  
ҚТ-405 студенті



**Ұстаз - мектептің жүрегі**

**Ұстаздың рөлі**

- Білім беруде: Жас ұрпақтың сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.
- Тәрбиеде: Жеке тұлғаны қалыптастырып, рухани құндылықтарды дарытады.
- Қоғамда: Болашақ азаматтардың дүниетанымын қалыптастырады.

**"Мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім - мектептің жүрегі"**  
Ы.Алтынсарин

Ұстаздық жолды таңдау, мен үшін үлкен жауапкершілік, елімнің болашағы үшін еңбек ету, мен үшін үлкен жауапкершілік. Жас ұрпақ ретінде аямай жұмыс жасап, елімнің көркеюіне өз үлесімді қосамын.

**"АЛТЫ АЛАШТЫҢ БАСЫ ҚОСЫЛСА ТӨР МҰҒАЛІМДІКІ"**  
М.ЖҰМАБАЕВ

Жай мұғалім хабарлайды,  
Жақсы мұғалім түсіндіреді,  
Керемет мұғалім көрсетеді,  
Ұлы мұғалім шабыттандырады

**Виньетка** - қысқа қарапайым форматтағы есте сақтауға тиімді жазба түрі. Бұл оқиға, әңгіме, өлең түрінде де болуы мүмкін, тек қысқалығы мен өмірбаянның нақты эпизодтармен байланысты болуы керек.

Осы аталған әртүрлі әдістерді қажетіне сай орынды, тиімді пайдалану ұстаз шеберлігіне байланысты.

Бұл әдістің ұтымды қолданылуы мынадай нәтиже береді:

- Сабаққа қызығушылығын арттырып, белсенділігі жоғарлайды;
- Өз бетінше ізденеді;
- Бір-бірінің ой пікірлеріне сын көзбен қарай отырып, жаңа тың идеялар пайд болады;
- Жазбаша сауаттылығы артады;
- Өз ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге үйренеді.

**Ақтөбе қаласы**  
**Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі.**  
**Арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші**  
**Шумақова Шолпан Ахметқызы**



## ДИРИЖЕР БОЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ДАҒДЫЛАР МЕН БІЛІМ ҚАЖЕТ?

Дирижер қандай болуы керек? Дирижер (diriger) – басқару, бағыт беру деген мағына беретін француз сөзі. Дирижер – ол оркестрлер мен хорлардың барлық түрлерінің жетекшісі. Ол – музыкалық өнердің бір саласы.

Барлық музыкалық мамандықтардың ішіндегі ең жасы да осы дирижерлық мамандық. Қолына таяқша ұстап, тұңғыш рет оркестрдің алдына шыққан дирижер – неміс скрипкашысы Шпор еді. Бұл 1817 жылы болатын. Алғашқы дирижерлар Бетховен, Вебер, Мендельсон, Берлиоз, Лист, Вагнер мамандығы жағынан кәсіби композиторлар еді. Шетел дирижерларының ішінен әлемге әйгілі болған Рихтер, Малер (Австрия), Никитш (Венгрия), Вейнгартнер, Вальтер (Германия), Тосканини (Италия), Ш. Мюньш (Франция), Рахманинов пен Головановтарды (Ресей) атауға болады.

Қазақстанда тұңғыш дирижер, әрі композитор академик Ахмет Жұбанов болды. Ол 1934 жылы Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрін ұйымдастырып, иығына фрак киіп, дирижерлық тұғырға көтерілген тұңғыш қазақ еді. Ахмет Жұбанов негізін қалаған қазақтың дирижерлық өнерін 1967 жылы Алматы консерваториясында ашылған оркестр дирижерлығы кафедрасы жалғастырып келеді.

Орыс дирижеры А. Пазовский: «Дирижер болу үшін, ең алдымен, нағыз музыкант болу керек» – деп қысқа қайырыпты. Дирижер нағыз суретер ғана емес, ол – оркестр деген үлкен бір ұжымдық аспаптың табиғатын терең білетін, сол аспапта шебер ойнай алатын, музыкант. Ал, ол аспап – «пернелері» мен «шектері» алдына ойлай алатын, сезіне білетін музыканттардан тұратын көп дауысты, сансыз бояулы үлкен бір әлем. Оркестр дирижердың сілтеген қолына ілісіп жүре береді. Бұл, әрине, – үлкен өнер адамына ғана тән, дирижердың ерік күші мен шығармашылық талпынысының нәтижесі.

Белгілі музыкант Игорь Маркевич: “өзіне шабыт бере алатын жетекшісіне оркестрдің сенім білдіруі – өте сирек құбылыс, және ондай сенімге ие болу оңай емес” – дей келіп, ондай беделге дирижер өзінің білімділігі мен біліктілігінің, сарқылмас жігерінің арқасында ғана ие бола алатынын айтыпты. Дирижер беделінің бір сыры – оның оркестр аспаптарын бес саусағындай жақсы білуінде. Аспаптардың ойнау тәсілдері мүмкіншіліктерін жақсы білмейтін дирижер орындаушы музыканттың айтқанынан аса алмас еді. Бұл жетекшінің абыройына үлкен нұқсан келтіретін даусыз. Дирижер жаңа дүние болсын, тіпті бұрын орындалған шығарма болсын, оның әрбір нотасы мен нюанстарын жетік біліп, характерін тауып, тұшынып, ой елегінен өткізбей оркестр алдына шықпайды. Ал композитордың стилін түсініп, музыкасында не айтамын дегенін табуға дирижерға оның сергек қиялы, көркем ойлау қабілеті мен ақындық сезімі көмекке келеді. Автордың ойын терең түсіну ғана дирижердың музыкаға шынайы интерпретация жасауына септігін тигізеді. Шығарманы ойша түсініп, түйсіну мен оны оркестрге ойнайтып, құлақпен естіп, көңілмен сезіну – екеуі екі түрлі дүние. Оркестрдің ойыны, аспаптардың ойнау ерекшеліктері көңілдегі көркем ойды жеткізе ала ма? Не жетіспейді? Қай жерінде кемшілік болды? Осындайда оркестрдың ойынына ұшқыр ойлы, жедел талдау жасау, оны оркестрге жете түсіндіріп, дәлелдеу, тіпті мойындату – дирижердың қабілетіне байланысты. Дирижердың есту және есте сақтай білуі, темпераментті және қанатты қиялының самғау биіктігі, көкірек сарайының көркем ойларға жомарттығы, селт еткен дыбысқа сезімінің сергектігі сияқты табиғаттың өзі сыйлаған қабілеттерінің

көрінер тұсы осы. Оркестр аспаптарының тембрін есту, дыбыстың сан түрлі бояуын көңіл көзімен көре білу – дирижердың мықты қаруларының бірі. Содан да дирижер аспаптардың динамикалық мүмкіндіктерін толық пайдаланып қана қоймай, олардың бояуларының да қанық болғанын талап етеді. Сонда ғана партитура жалаң дыбыстар жиынтығы болудан қалып, дыбыстардың сансыз бояуы көркем сурет жасап, әр нотаға жан бітіп, шығарманы бетіне қан жүгірді. Музыкалық аспаптардың барлық мүмкіндіктерін жетік білетін, қанатты қиялы, көрікті ойларымен орындаушының көңіліне от тастап, шабытын шалқыта алатын дирижердың сермеген қолының астынан көркемдігі жоғары тамаша музыканың тумауына қақысы жоқ. «Музыкаға деген өз ойы, өз көзқарасы бар орындаушы – музыкатқа қарағанда, дирижердың миы екі есе артық жұмыс істеуі керек» - деген белгілі орыс дирижеры Николай Андреевич Малько.

Нотаға тіл бітіру оңай ма? Әрине қиын. Алайда, нағыз музыкант үшін жансыз нотаға тіл бітіріп, сөйлетуден асқан ләззат жоқ. Осындай ләззатқа жеткен жеке орындаушы да, оркестр де рахат бір сезімге бөленетіні хақ.

Дирижердың оркестрмен жұмысының маңызды бір саласы- оркестрлік сүйемелдеу өнері десе де болады. Бұл да қалпақпен ұрып алатын оңай олжа емес. Сапала ды, саналы еңбектің нәтижесінде ғана оркестр дирижердың ашса- алақанында, жұмса- жұдырығында, уысынан шықпайтындай шеберлік шегіне жете алады.

Әдетте, жақсы дирижер- сезімтал психолог. Дирижер оркестр орындаушыларының жан дүниесін қас- қабағынан түсінеді. Әр орындаушының шеберлігінің шегін танып, талап деңгейін одан асырмайды. Дер кезінде тоқтай біледі. Күрделі атқарылған ауқымды жұмысты мезгілінде доғарып, одан пайдалы қорытынды шығарып, оркестр мүшелерінің көңіл- күйіне жақсы әсер етіп, олардың орындаушылық қабілетіне де тиімді ықпал жасайды. Әрбір орындаушыға, тұтастай оркестрге өздері тындырған істің нәтижесін көріп, сезінуге мүмкіндік жасау олардың көңілінде қанағат сезімін тудырып, алдағы мақсаттарға құлшындырады сөзсіз.

Оның қолының әрбір қимылы музыканың темпі мен ырғағын ғана көрсетіп қоймай, әуендегі астарлы ойды өрнектейді. Аз қимылмен көп нәрсені баяндайды. Ол кейбір дирижерлар әуестенетін, сырт қарағанда әсерлі болып көрінетін әсіре, оғаш қимылдардан өзін алшақ ұстайды. Өйткені, музыкадағы өрнекті ой мен терең сезім иірімдері оркестрге дирижер қолының мағыналы қимылы арқылы жетеді. Осы тұста А.Пазовскийдің: «икемді, жұмсақ қол қимылы- дирижер шеберлігінің бірден- бір белгісі»- деген сөздері ойға оралады. Десек де, «өнер адамының бойында бір пайыз дарын болса жеткілікті, қалғаны еңбекпен келеді»- деп П.Чайковский айтқандай дирижерлық биікке оқығаны мен тоқығаны, көргені мен білгені арқылы жетті.

Халық аспаптар оркестрінің негізі күйден тұрса, сол күйді шебер орындаушыдан дирижер шығатыны сөзсіз. Біздің дирижерлардың көпшілігі домбыра аспабында ойнамайды, Сондықтан күйдің ішкі, сыртқы құрылысын білмейді. Тек тактісіне қарап оркестрді басқарады. Меніңше күйді жанр ретінде таңдап, оған жаңа бояу, құрылысын жетілдіре, тарихи маңызына, мазмұнына, тақырыбына терең үңілетіндей маман даярлау негізгі мақсат.

Жалпы білім беретін орта және арнаулы жоғары музыкалық оқу орындарында, қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарымен байланысты болып келетін барлық өнер, мәдениет,білім түрлерін оркестрлер арқылы болсын, әлеуметтік сұраныс талаптарын ескере отырып, бүгінгі биік талап еңбегіне сай, жаңаша бағытта дамыта түсуге, барынша көңіл аударыла түсуде. Бұл ең алдымен, кәсіби және халықтық оркестрлер мен ансамбльдерінің, өнер ұйымдары жетекшілері мен ұстаздарының басты міндеті саналмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Санаққали Байжұманов « Халық аспаптар оркестрі». Мектепте қазақ халық аспаптары оркестрін ұйымдастыру жөнінде материалдық құрал.Алматы: «Өнер», 1993.
- 2.Жамағат Темірғалиев «Қазақ оркестрін аспаптандыру». Оқу құралы- Алматы: «Әуен», 2010.
- 3.Тілеуғазы Бейсембек «Шамғон Қажығалиев». Монография- Алматы: «Өлке»,2007.
4. Простомолотов Е.И. Играй, оркестр.- Алматы: «Ғылым», 1992.

**Атырау облысы, Махамбет ауданы, Таңдай ауылы**  
**"Райхан гүлі" бөбекжай-бақшасы**  
**Тәрбиеші**  
**Қадыржан Айжан Қадыржанқызы**

**«АНА - АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»**

**Мақсаты:** Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ананы құрметтеу сыйлай білуге, балалар бойындағы жеке қабілеттерімен таланттарын дамыту. Адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

**Жүргізуші:** Біз ғана емес, қәдір тұтқан бабалар.

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

Армысыздар құрметті әжелер, аналар, ұжымдастар сіздерді 8 наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Ана өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса, бүгінгі мерекелік кешіміз де аналарға арналады.

(Балалар безендірілген залға вальс билеп кіреді)

**Жүргізуші:** Сіздерден өскен балалар

Батырлар мен даналар.

Құттықтайды сіздерді

Құрметті абзал аналар.

“Райхан гүлі” бөбекжай-бақшасы меңгерушісі:

Құмарова Биғайша Қабижанқызына сөз кезегі беріледі.

**Жүргізуші:** Теңіздей тербетіліп көл бетінде,

Бишілер билеп келді тербетіле.

Аққудай қалықтаған теңіздегі,

Бишілер өнерлерін көрсетуде

**Би:** «Аяулы ана» (ұлдар жүрекпен) жүректерін аналарына сыйлайды.

**Ойын:** «Мақал- мәтел ілмегі» (ата аналар)

**Жүргізуші:** Балалар, мен сіздерге бір жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көріңіздер.

Ақ қар еріп,

Су көбейіп,

Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады,

Бөбектерім, айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады?

**Балалар:** Көктемде!

**Жүргізуші:** Йә, көптен күткен көктемде келіп жетті.

(безендірілген залға әуенмен гүлге толы себетімен көктем аруы кіреді)

**Көктем аруы:** Мен көңілді көктеммін,

Бытыр келіп кеткенмін.

Көзін ашып бұлақтың

Түбіне тал екенмін,

Жаңбыр болып жауам да,

Нұр боп көктен төгемін.

Шуағын төгіп әлемге

Жылуын күннен әкелем.

**Көктем аруы:** Сәлеметсіздер ме ?

**Жүргізуші:** Амансың ба? Ару көктем! Ұлан байтақ жерімізге қош келдіңіз. Кешіміздің қонағы болыңыз.

**Жүргізуші:** Ана деген бақытты ғой әр үйдің,

Анам барда іңгәләған сәбимін  
Анам барда жүрегімнен суырып  
Ақын болып анама жыр арнаймын

**Айназым:** Анашым менің күнім,  
Қуантамын бүгін.

**Жасмин:** Анама гүл сыйлаймын,  
Қуанам, анам әрдайым!

**Әміре.Ж:** Ана біздің асыл жан,  
Жүрегіміз шаттанған.

**Аһмад:** Гүлдей нәзік анашым,  
Құтты болсын мейрамың.

**Айлин:** Әжетай, әжетай  
Сізді жақсы көреміз.

**Нұрсәт:** Ақ қабақты анашым,  
Күн сәулелі анашым.

**Еңлік:** Ана біздің күніміз  
Ана біздің гүліміз  
Бізді ана қуантып,  
Ұзақ өмір сүріңіз.

**Сымбат:** Ана пана,  
Ана дана,  
Өмірге әкелетін  
Ана ғана.

**Мариям:** Апатайым, анашым  
Ақылы мол данасың,  
Қамқоршысы баланың  
Гүлі де сен әр үйдің.

**Лашын:** Анашым, анам  
Ыстықсың маған  
Тәрбие бердің,  
Көп алғыс саған.

**Аңсаған:** Анашымның жүрегі  
Мейірімді ғой керемет.

**Ислам:** Анамыздың мейірлі,  
Жүзіне біз қараймыз,  
Анамызды пейілді  
Жомарт жанға балаймыз.

**Әбілқайыр:** Ана біздің күніміз,  
Ана біздің гүліміз.  
Ұландарды қуантып,  
Ұзақ өмір сүріңіз!

**Нұрқасым:** Келді көктем күнің,  
Күлімдейді гүлің,  
Алтын ойлы анам,  
Мерекеңіз бүгін!

**Даян:** Аналарды сүйеміз  
Сөзін ойға түйеміз.  
Әжені де ардақтап  
Әдеппен бас иеміз.

**Алуа:** Бізді өсірген анашым  
Еңбегіңіз зор екен,  
Құтты болсын анашым,  
Құтты болсын мерекең.

**Айят:** Келді көктем күнің,

Күлімдейді гүлің,  
Алтын ойлы анам,  
Мерекеңіз бүгін!

**Әміре.С:** Анам менің анашым,  
Сені жақсы көремін,  
Мерекемен бүгінгі  
Құттықтаймын мен сізді.

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар балалар, өте тамаша.

**Көктем аруы:** Мен сіздерге құр қол келген жоқпын. Өзіммен бірге ойын ала келдім.

**Ойын:** «Гүл шоқтарын теру» (қыз балалар)

**Көктем аруы:** Бұл гүл шоқтарын қыздарыма ұсынамын.  
(гүлдер беріледі)

**Жүргізуші:** Шалқып тасып әніміз  
Жадырасын жанымыз,  
Аналарды құттықтап,  
Би билейміз бәріміз.

**Би:** «Гүлдер биі» (қыз балалар) гүлдерін аналарына сыйлайды.

**Көктем аруы:** Жарайсыңдар, балалар! Балалар менің, сендермен өткен уақытым қызықты өтті, мен енді басқа балаларға барып, шуағымды төгейін. Сау болыңыздар!

**Жүргізуші:** Сау болыңыз көктем аруы.

**Жүргізуші:** Көңілің алатаудың ақ қарындай  
Мейірімің күннің шуақ шақтарындай.  
Қалайша аяулы әже тына алармын,  
Өн болып сағыныштан ақтарылмай.

**Ән:** «Әже, әжетайым»

**Жүргізуші:** Мейірімді, сымбатты,  
Қадірменді қымбатты,  
Ең жақын жан қыздарға,  
Кім десеңдер ол- АНА

**Ойын:** «Мен анамның орнында» (қыз балалар)

**Жүргізуші:** Ана деген бастауы ұлылықтың.  
Ана деген рәмізі сұлулықтың.  
Ана деген бір жыр бар шырқалатын,  
Асқақтатар биікке ұрпақ атын.

**Ән:** «Аяулы ана» Ермекқали Айла Қуанышқалиқызы

**Ойын:** «Кім шапшаң» (аналар)

**Жүргізуші:** Ана барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы, қазақ әйелінің дастарханы тоқ, қонағы ырза, дүниесі түгел. Олар үшін бірінші орында отбасының берекесі тұрады. Бөбегін бесікке бөлеп, әлдилеп аялаған ана бақыт құшағында емес пе!?

**Ойын:** «Қызықты ойын» (ер балалар)

**Жүргізуші:** Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын,  
Жүрегіңе жүрегімді жалғадым.  
Барша ана құтты болсын мерекеңіз  
Өрқашан сізбен берекеміз.

**Жүргізуші:** Қорытынды сөз кезегі «Райхан гүлі» бөбекжай-бақшасының әдіскері Алтынгүл Аққалиқызына беріледі.

**Жүргізуші:** Сегізінші наурызда,  
Біз балалар бар қызға  
Кәде сыйлық береміз,  
Бірге қызық көреміз.

Марапаттау. Құрметті қонақтар, біздің бүгінгі мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті. Шуақты күндерде кездескенше.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Төле би ауылы  
«Төле би атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
Химия пәні мұғалімі, педагог-модератор  
Мешитбаева Клара Кенесовна

## ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫ: ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Қазақстандағы білім беру жүйесі әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында жаңарып, дамып келеді. Бұл процесс оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды басты міндеттердің бірі ретінде қояды. Бұл мақалада химия пәні бойынша функционалдық сауаттылық тапсырмаларының маңызы мен құрылымы қарастырылады, сондай-ақ оқушылардың білім сапасын арттырудағы рөлі анықталады.

### 1. Функционалдық сауаттылықтың маңызы

Функционалдық сауаттылық — бұл адамның алған білімін өмірлік жағдайда қолдана білуі, ақпаратты өңдеп, шешім қабылдауда пайдалану қабілеті. Қазіргі қоғамда білімнің тек теориялық жағы ғана емес, оны тәжірибеде қолдану да маңызды. Химия пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылардың күнделікті өмірде, сондай-ақ болашақта маман ретінде тиімді жұмыс істеуіне негіз болады.

Қазақстанның білім беру жүйесі халықаралық стандарттарға сай болуға бағытталған. Осы мақсатта мемлекет білім берудің сапасын арттыру үшін жаңа бағдарламалар мен әдістемелер енгізуде. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту бағдарламасында айқындалған негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Бұл үдеріс оқушылардың қоғамда табысты болуына, өзгермелі әлемге бейімделуіне көмектеседі.

### 2. Химия пәні бойынша функционалдық сауаттылық тапсырмаларының құрылымы

PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық зерттеуінің тапсырмаларына негізделген функционалдық сауаттылық тапсырмалары оқушыларды сыни ойлауға, мәліметті өңдеуге, қорытынды жасауға үйретеді. Мұндай тапсырмалардың негізгі түрлері:

#### 2.1. Қарапайым бірнеше таңдауы бар тапсырмалар

Бұл тапсырмалар оқушылардың белгілі бір тақырып бойынша базалық білімін тексеруге бағытталған. Оқушы дұрыс жауапты таңдауы керек. Мысалы, химиялық элементтерді анықтау немесе химиялық реакциялар теңдеуін дұрыс құру сияқты қарапайым тапсырмалар.

#### 2.2. Күрделі көп таңдауы бар тапсырмалар

Бұл тапсырмалар бірнеше жауапты талап етеді. Оқушыларға бірнеше нұсқадан дұрыс жауапты таңдауға немесе тапсырманың логикалық құрылымын толықтыру қажет. Мысалы, химиялық реакцияны дұрыс теңдестіру немесе химиялық процестің нәтижесін анықтау сияқты күрделі тапсырмалар.

#### 2.3. Толық еркін түрде жауап берілетін тапсырмалар

Оқушыларға жазбаша түрде жауап беру тапсырмалары беріледі. Бұл тапсырмалар оқушылардың білімін тереңірек қолдануды, өз ойларын дәлелдеп, түсініктемелер беруді талап етеді. Мысалы, химиялық реакцияның әсерін сипаттау немесе қоршаған ортаға химиялық процестердің ықпалын талдау сияқты тапсырмалар.

### 3. Химия пәні бойынша функционалдық сауаттылықты арттырудың мақсаты мен міндеттері

Қазақстандағы білім беру жүйесі функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған. Химия пәні бойынша бұл тапсырмалар оқушыларды тек пәндік біліммен ғана емес, басқа ғылым салаларына да қызықтырады және олардың өмірлік дағдыларын қалыптастырады. Мақсатты түрде жүргізілген функционалдық сауаттылық тапсырмалары оқушыларды келесі дағдыларға үйретеді:

- Пәнге қызығушылықты арттыру. Химия пәні бойынша тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оларға ғылымның маңызды аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді.
- Шығармашылықты дамыту. Оқушылар түрлі мәселелерді шешуге шығармашылық тұрғыдан келуге үйренеді.
- Табиғатқа деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Экология мен химияның өзара байланысын түсінген оқушылар табиғатқа деген құрметін арттырады.

### 4. Күтілетін нәтиже

Функционалдық сауаттылық тапсырмаларының мақсаты — оқушылардың білімін арттыру ғана емес, сонымен қатар олардың өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды шешу қабілетін дамыту. Бұл тапсырмалар арқылы оқушылар:

- Табиғатқа деген құрмет артады;
- Пәнге деген қызығушылықтары жоғары болады;
- Шығармашылықпен айналысады;
- Функционалдық сауаттылығы артады.

Осы нәтижелерге қол жеткізу оқушылардың қоғамға тиімді қызмет көрсету қабілетін арттырады және оларды болашақ маман ретінде қалыптастырады.

#### 5. Қорытынды

Қазақстанның білім беру жүйесі жаңарып, әлемдік білім кеңістігіне енуге бағытталған жаңа өзгерістерге ұмтылуда. Бұл өзгерістердің ішінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру маңызды міндет болып табылады. Химия пәні бойынша функционалдық сауаттылық тапсырмаларын енгізу оқушылардың ғылыми пәндер бойынша білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың өмірлік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар өз білімдерін практикалық тұрғыдан пайдаланып, болашақта әлеуметтік және кәсіби өмірде табысты болуға мүмкіндік алады.

Осылайша, функционалдық сауаттылық тапсырмалары тек химия пәні бойынша ғана емес, жалпы білім беру жүйесі үшін өте маңызды құрал болып табылады. Бұл құралдар арқылы оқушылардың жалпы білім деңгейі жоғарылап, олар жаңа жағдайларға бейімделе алатын, сыни ойлау қабілеті дамыған тұлға ретінде қалыптасады.

Атырау қаласы, Махамбет ауданы, Таңдай ауылы

“Райхан гүлі” бөбекжай-бақшасы

Тәрбиеші

Бисенбиева Махаббат Бисенбіқызы



### «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ БАЛА БОЙЫНА СІЦІРУ»

Жасанды интеллект қазіргі таңда балалардың оқу процессін жеңілдетіп, қызықты әрі интерактивті ете алады. Мысалы, ЖИ көмегімен балаларға қазақтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ойын түрінде, анимациялар мен виртуалды кейіпкерлер арқылы көрсетуге болады. Сонымен қатар, ЖИ білім беру платформалары мен қосымшалар арқылы балаларға ұлттық өнерді, тілді, фольклорды үйретуге мүмкіндік береді.

Тілді үйрету: Жасанды интеллект көмегімен балаларға қазақ тілін үйрету барысында тілдік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік туады. Бұл жүйелер сөздерді дұрыс айтуға, грамматика мен синтаксис ережелерін меңгеруге көмектеседі.

Дәстүрлі өнерді үйрету: Музыкалық және бейнелеу өнері сияқты салаларда ЖИ балаларға ұлттық музыкалық аспаптармен таныстыруды, қазақтың халық әндерін үйретуді жеңілдетеді.

Ұлттық құндылықтар балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуына терең әсер етеді. Қазақ халқының мәдени мұрасы — оның тарихы, тілі, өнері, дәстүрлері — балалардың мінез-құлқына,

дүниетанымына және рухани дамуына ықпал етеді. Жасанды интеллект осы құндылықтарды балаға интерактивті әрі қызықты түрде жеткізеді.

Балалардың қызығушылығын ояту: Жасанды интеллект арқылы ұлттық құндылықтарды балаларға қызықты және жеңіл түрде жеткізу — педагогтің негізгі міндеті. “Жасанды интеллект пен ұлттық құндылықтар үйлесімінде педагогтің рөлі” Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының білім беру саласына енгізілуі педагогтардың рөлін өзгертті. Олар бұл технологияларды ұлттық құндылықтарды балаларға тиімді және қызықты түрде жеткізу үшін қолданады. Қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тілі мен дәстүрлеріне негізделген материалдар таңдалып, олар балаларға түсінікті әрі қызықты түрде ұсынылуы қажет.

Мысалы, қазақ тілін үйрету үшін қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін қамтитын, балаларды тілге деген қызығушылығын оятатын әдістер мен құралдар пайдалану керек. “Балалардың қызығушылығын ояту” Педагогтің басты міндеттерінің бірі — балалардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын ояту.

Кіші жас балаларға ұлттық құндылықтарды сіңіру — оларды қызықты әрі интерактивті түрде тәрбиелеудің маңызды жолы. Бұл жастағы балалар ойын арқылы ең жақсы үйренеді. Ұлттық құндылықтарды әр дағды бойынша кіші жас балаларына сіңіруге арналған ойындар олардың көңілін көтеріп, олардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырады. Міне, кіші жас балаларына арналған кейбір ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған ойындар:

#### Қорытынды:

Жасанды интеллекттің көмегімен мектепке дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды сіңіру — болашақ ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің тиімді тәсілдерінің бірі. Бұл процесс тек ақпаратты жеткізумен шектелмей, балалардың жүрегіне патриоттық сезімді, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті ұялатуға бағытталуы тиіс. Педагогтар мен білім беру мекемелері бұл жаңа технологияны дұрыс қолдана отырып, балалардың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруде зор жетістіктерге жете алады. Ұлттық құндылықтарды кіші жас балаларға сіңіру үшін ойындар өте тиімді құрал болып табылады. Әрбір ойын балаға ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді үйретіп қана қоймай, олардың тұлғалық дамуына да ықпал етеді. Бұл ойындар арқылы балалар тіл үйренеді, ұлттық өнер мен мәдениетке деген қызығушылықтары артады, сондай-ақ әдептілік, достық, адалдық сияқты қасиеттерді бойларына сіңіреді. Жасанды интеллект қазіргі білім беру жүйесінде баланың білім алуына деген көзқарасты түбегейлі өзгертіп отыр. Мектепке дейінгі білім беру саласында ЖИ технологияларының қолданысы балаларға қазақ халқының мәдениеті мен тарихын, тілін және өнерін үйретуде тиімді әрі қызықты тәсілдер ұсынады. ЖИ-дың анимациялар, ойындар, виртуалды экскурсиялар, музыкалық және бейнелеу өнері бойынша құралдарды пайдалану балаларға ұлттық құндылықтарды меңгерту жолында жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл технологиялар оқытуды ыңғайлы, жеке және қызықты ете отырып, балаларды оқуға ынталандырады.

#### Қолданылған әдебиет:

1. Ахметова, Н. М. (2020). Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде жаңа технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдері. Алматы: Қазақ университеті.
2. Мырзахметова, М. Т. (2019). Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу әдістемесі. Астана: Фолиант.
3. Сеитова, Р. Ә. (2018). Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі рөлі. Алматы: Педагогика ғылымдарының академиясы.
4. Шыңғысова, Г. С. (2021). Қазақ халқының мәдени мұрасы және оның мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі маңызы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
5. Баймұратова, Л. Қ., & Асанова, Ә. Т. (2017). Ұлттық құндылықтар мен тәрбие мәселелері. Шымкент: Ордабасы.
6. Сейілбек, Н. (2022). Жасанды интеллект пен білім беру: Технологиялар және қолданылу салалары. Алматы: Ғылым.
7. Тұрсынова, Д. Н. (2020). Ұлттық тәрбие мен білім беру мәселелері. Алматы: Білім.



Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы  
«Төле би атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы  
Кабакова Жаннат Нургалиевна

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САУАТТЫ ЖӘНЕ МӘНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Бастауыш сынып — оқушының білім алу жолындағы алғашқы және маңызды кезең. Бұл кезеңде оқушылардың оқу дағдыларының негізі қаланады, әрі олар өздерінің алғашқы қадамдарын жасап, түрлі білім мен қабілеттерді меңгере бастайды. Бастауыш сыныпта сауатты және мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту — оқу үдерісінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл дағдылар оқушылардың сөздік қорын байытуға, тілдік қабілеттерін арттыруға және мәтіннің терең мәнін түсінуге көмектеседі.

### Сауатты және мәнерлеп оқу дағдыларының маңызы

Сауатты оқу — бұл оқушының мәтінді дұрыс, анық және түсінікті оқуы. Оқушы тек сөздерді дұрыс оқып қана қоймай, мәтіннің мағынасын терең түсінуі тиіс. Мәнерлеп оқу дегеніміз — оқушының мәтінді интонация мен ырғақпен, эмоциямен, түсіністікпен оқуы. Бұл дағды оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың оқу мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар, мәнерлеп оқу оқушылардың тілдік қабілеттерін, шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың оқуды дұрыс әрі мәнерлі оқуы олардың ой-өрісін кеңейтіп, мәтіннің мазмұнын тереңірек түсінулеріне мүмкіндік береді.

Оқушылардың сауатты және мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту — олардың жалпы білім деңгейін арттырудың маңызды факторы. Бұл үдеріс барысында оқушылар тек әдеби шығармаларды ғана оқып қоймай, сонымен бірге олардың әрқайсысына терең мағыналы, сыни тұрғыдан қарай алатын қабілетке ие болады. Мәтіннің мағынасын терең түсіну — оқушыларға тек оқу емес, ойлау, сөйлеу және жазу дағдыларын да дамытатын дағды. Оқушының оқу үдерісінде жетістікке жетуі оның шығармашылық әлеуетін ашуға, сөйлеу мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді.

### Оқу дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер

Сауатты және мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалімдерге арнайы әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлерін қолдану қажет. Оқушыларға оқу барысында интонацияны дұрыс қолдану, сөздерді дұрыс айту, сөйлемдердің мағынасын толық ашу үшін түрлі оқу жаттығуларын ұйымдастыру маңызды. Мысалы, өлеңдер, ертегілер, шағын әңгімелер оқу арқылы оқушылардың мәнерлі оқуы жетілдіріледі. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық тапсырмалар мен топтық жұмыстар да жүргізу қажет. Топтық жұмыстар барысында оқушылар өзара пікір алмасып, бір-біріне көмектесіп, мәтіндерді тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

Сауатты оқуды үйретудің тағы бір маңызды құралы — сөздік қорды байыту. Бұл үшін мұғалімдер әртүрлі сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істей отырып, оқушылардың түсінігін тереңдетіп, тілдік дағдыларын жақсартады. Оқушыларға оқу барысында жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолдану арқылы олардың тіл байлығын дамыту маңызды.

### Мұғалімнің рөлі мен оқу мотивациясы

Бұл үрдісте мұғалімнің рөлі өте маңызды. Ол тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушының қызығушылығын арттырып, оқу процесіне мотивация жасаушы тұлға болып табылады. Мұғалімнің әдіс-тәсілдері мен оқыту стилі оқушының оқу процесіне деген ықыласын арттыруға үлкен әсер етеді. Мұғалімдердің оқу үдерісінде жаңашылдыққа бет бұрған әдістерді қолдануы оқушылардың оқу дағдыларын дамыта алады.

Оқушылардың оқу қызығушылығын арттыру үшін мұғалімдер оларға жеке шығармашылық тапсырмалар беріп, олардың өз пікірін білдіруге мүмкіндік туғызады. Оқушының жеке ерекшеліктеріне қарай оқыту әдістерін тандап, оларға оқу процесінде белсенділік танытуға жағдай жасайды. Бұл оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, нәтижелі оқуға жетелейді.

### Жеке тұлға ретінде қалыптасу

Сонымен қатар, мәнерлеп оқу дағдыларының қалыптасуы оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға да ықпал етеді. Оқушылар шығармашылық жұмыстар мен пікірталастарға қатыса отырып, өз пікірін еркін білдіруді үйренеді. Мәнерлі оқу барысында оқушы өз эмоцияларын басқаларға жеткізуге үйренеді, бұл оның қоғамдағы орны мен тұлғалық қасиеттерінің дамуына септігін тигізеді. Сонымен қатар,

оқушылардың мәдени және әлеуметтік білімдері де кеңейеді, олар өз ойларын ашық әрі түсінікті жеткізе алатын болады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының сауатты және мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту — олардың жалпы білімін жақсартудың, шығармашылық ойлауын дамытудың және жеке тұлғасын қалыптастырудың маңызды жолы. Бұл үдеріс тек білім беру жүйесінде ғана емес, жалпы қоғамның мәдениеті мен болашағына да оң ықпал етеді. Оқушылардың оқу дағдыларын дамыту — олардың ой-өрісін кеңейтіп, өз өміріне деген жауапкершілікті сезінуіне көмектеседі. Осылайша, сауатты және мәнерлеп оқу дағдылары балалардың жан-жақты дамуы мен қоғамда белсенді азамат болып қалыптасуына маңызды негіз болары сөзсіз.

**Ақмола облысы, Көкшетау қаласы  
№17 мектеп-гимназиясы  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Балтабаева Раушан Естаевна**



## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЫНТАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ LESSON STUDY-ДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Қазіргі таңда білім беру үдерісін тиімді ұйымдастырудың түрлі жолдары қарқын алып даму үстінде. Оқушының бойында сапалы білім мен жоғары деңгейлі адамгершілік қасиеттерді сіңіру бүгінгі күндегі оқытудың негізгі бағдары. Осыған байланысты білім кеңістігінде түрлі тәжірибелер, озық ойлар сыннан өтіп жатса, оның бірі көзделген нәтижені беріп, кейбірі тиімсіз деп танылуда. Дегенмен, білім саласының модернизациялануы барысында әлем халықтарының озық тәжірибесі мен жаңа ізденістер белгілі бір дәрежеде оң нәтижесін беріп жатқаны белгілі. Оқыту процессіндегі өз жемісін көрсеткен тиімді әдістердің бірі - Lesson Study.

Lesson Study – сабақтағы іс-әрекетті зерттеудің ерекше түрі болып табылатын педагогикалық тәсіл, ол педагогикалық тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге ықпал етеді. Бұл тәсіл Жапонияда 19 ғасырдың 70-жылдарында пайда болған.

Lesson Study жоспарлау, оқыту, бақылау, оқу мен оқытуды талдау және қорытындыларды құжаттау үшін бірлесіп жұмыс істейтін мұғалімдер тобын қамтиды. Lesson Study циклі барысында мұғалімдер әртүрлі педагогикалық тәсілдерді өзгерте немесе жетілдіре алады, содан кейін олар қорытындыланады және ашық Lesson Study өткізу немесе оны пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстарды жариялау арқылы әріптестеріне таратылады. Батыста Lesson Study американдық зерттеушілер жапон мұғалімдерінің білім берудің жалпы мәселелерінде де, оқытылатын нақты пән мәселелерінде де терең білімге ие екендігін, білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін фактіні растағаннан кейін ғана ағымдағы ғасырда танымал болды.

Lesson Study қазіргі уақытта Шығыс Азияда (Жапониядан басқа – Сингапур, Гонконг және Қытайда) және Батыс елдерінде (АҚШ, Ұлыбритания, Швеция, Канада) қолданылады. Lesson Study әдістемені жетілдіру, бастауыш және орта мектептерде оқушылардың негізгі пәндер бойынша білімдерін

арттыру, сондай-ақ оқуды бағалау сияқты тұжырымдамалық педагогикалық тәсілдерді дамытуда сәтті қолданылатын тәсіл (Дадли, П. 2011a). Lesson Study циклі барысында топпен (немесе жұппен) жұмыс істейтін мұғалімдер:

- оқушылардың оқуы мен дамуының басымдықтарын сәйкестендіру үшін күнделікті негізде жасайтын мерзімді бағалау материалдарын пайдаланады;
- белгіленген мақсаттарға жауап беретін, әрі қарай жетілдіруге жататын оқыту әдісін бірлесіп анықтайды;
- әрқайсысы сыныптағы белгілі бір топ оқушыларының өкілі болып табылатын үш деңгейлі: жоғары, орташа немесе орташадан төмен оқушыны анықтайды.
- Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлау, оның барысында үш "зерттелетін" оқушыны бақылау нәтижелері контекстінде оны жүргізу әдістемесін пайдалану нәтижелері пайдаланылады және мұқият зерделенеді;
- оқытудың нәтижелілігіне және "зерттелетін" оқушылардың дамуына ерекше назар аудара отырып, Lesson Study барысын бірлесіп бақылауды жүзеге асырады. Аталған іс-шаралар бірнеше сабақтарда қайталануы және жетілдірілуі мүмкін;
- Lesson Study туралы пікірлерін анықтау үшін "зерттелетін" оқушылардан сұхбат алынады;
- Lesson Study талқылауын "зерттелетін" оқушылардың қолданылатын әдіске реакциясын, олардың қол жеткізген жетістіктерін, олар көрсеткен оқу нәтижелерін немесе оқудағы қиындықтарды, сондай-ақ оқыту әдістемесін одан әрі жетілдіру үшін алған тәжірибесін талдау мақсатында жүзеге асырылады;
- презентация, демонстрация немесе коучинг сессиясын өткізу арқылы әріптестердің кең аудиториясына Lesson Study тәсілін қолдану нәтижелері көрсетіледі.

Lesson Study тәсілінің әдістемесі тиімді, себебі ол мұғалімдерге келесідей жолдармен көмектеседі:

- оқу процесін бақылауда балалардың әртүрлі әрекеттері әдеттегіден гөрі айқынырақ көрінеді;
- мұғалімнің ойынша балаларды оқыту кезінде не болуы керек және шындығында не болатыны арасындағы айырмашылықты көруге жағдай жасайды;
- нәтижесінде білім алушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай оқытуды қалай жоспарлау керектігін түсінуге жол ашады;
- оқыту тәжірибесінде Lesson Study мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді;
- Lesson Study тәсілін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығы шеңберінде енгізуге, оның басымдығы студенттерге оқуға және топ мүшелерін кәсіби дайындауға көмектеседі (Дадли, П. 2011a).

Lesson Study бойынша жұмысты бастар алдында сыныптағы оқушылардың жалпы тәртібі, қызығушылығы, өзін-өзі ұстауы маңызды болды. Сонымен қатар, әр цикл бойынша зерттеліп, тиімді нәтижеге қол жеткіздік. Зерттеу жұмысы барысында 6,7-сыныптарға Lesson Study бойынша сабақтар жүргізіліп, сабақ жоспары жасалды. Осы жастағы балалардың психологиясын ескерсек, жалпы сабаққа, мектепке бейімделуде біраз қиналып жатады. Сондықтан да сабақта әр оқушымен тіл табысып, жұмыс жасау маңызды. Зерттеу сабағын жоспарлағанда алдын-ала оқушылардың оны қалай қабылдайтынын, қалай орындайтынын болжаған дұрыс.

Lesson Study-дың мұғалім үшін тиімді тұсы - А, В, С деңгейдегі оқушыны анықтап әрі қарай сол оқушының дағдыларын дамыту. Заман талаптарына сай мұғалім пәнді тек қана оқытып қоймай, оқушының дағдыларын дамыта отырып, білімді өз бетінше алуға көмектеседі. Lesson Study әдісі бойынша алдымен жоспар құрылып, ең бірінші бақылаушы топ құрылды. Сабақты зерттеу үшін топ мүшелері, сабақ мақсаты анықталды. Зерттеуде белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін, 3 цикл бойынша жұмыс жасалды. Циклдар мына бөлімдерден тұрды:

1. Зерттеу жұмысындағы негізгі проблеманы анықтау.
2. Сабақты бірге жоспарлау.
3. Бірінші сабақта “мықты”, “орташа”, “төмен” оқушыларға назар аудара отырып, 1-сабақты өткізу және бақылау.
4. Сабақтың қалай өткенін білу үшін, оқушылардан сұхбат алу.
5. Сабақты талқылауды жүргізу.
6. Талқылаулар бойынша бәрін ескеріп, сабақты жаңадан жоспарлау.

«Бірге жиналу – бұл бастама, бірге қалу – бұл алға жылжу, ал бірге жұмыстану – бұл жетістік» деп Генри Форд айтқандай, сабақты жоспарлауда ұйымшылдық пен әр мұғалімнің ой-пікірі маңызды. Жоспарлау арқылы үлкен нәтижеге қол жеткізуге болады. Жаңа нәтижеге бағытталған білім – инновациялық қажеттілік.

Lesson Study оқу мен оқытуды қолданылатын ең ұтымды әдіс. Оқушының алған білімін тәжірибеде дұрыс қолдана білуге, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі оқыту дағдыларын дамытуға үйретеді.

Lesson Study зерттеу тақырыбына сай топ мұғалімдерінің әрқайсысы 3 сабақтан өткізді. Әр сабақ топ ішінде талқыланды. Алғашқы сабақты өткізген соң А, В, С оқушылар нақтыланды. А оқушы алғашқы сабақта белсенді бола қоймағанымен, В оқушысы өз деңгейін көрсете білді. С оқушысын алғашқы сабақтарда топтық жұмысты жасау қиынырақ болды. Оқушылармен сөйлесу барысында А және В тобындағы оқушылар топтық жұмыс түрлерін ұнататынын, сабақта қызығушылық танытқанын, ал С тобындағы оқушы сөздік қоры жетпегендіктен жауап беруде қателіктер жіберуден қысылатынын айтты. Келесі сабақтарда әлсіз оқушыға көбірек көңіл бөлу жоспарланды. С тобындағы оқушыға дифференциациялық тапсырма мен топтағы өзінің нақты рөліне қатысты тапсырма беру қарастырылды. Келесі сабақта С тобындағы оқушының белсенділік танытпаса да сабақта жауап бере бастады. Жеке жұмыстарын орындауға тырысу, тақтада шығып оқу, топта жұмысы байқалды. Соңғы сабақтарда топтағы жұмысы мен жеке жұмысы анық көріне бастады. Мұғалімнің жоспарлауы кезінде әр оқушының мүмкіншілігін ескере отырып, жеке ыңғай жасауы маңызды.

Lesson Study зерттеуі әр мұғалімге қызықты болды. Бүкіл сыныппен қатар, А, В, С оқушыларын жан-жақты бақыладық. С тобындағы оқушыға көбірек назар аударылса, оқушыда қызығушылық артады. Сабақты жоспарлауда көбіне А тобындағы оқушыларға бағыттау қалыптасқан. Сондықтан кейбір оқушылардың белсенділігі ойдағыдай болмайды. Сабақтарды талдау арқылы барлық оқушылардың белсенді жұмысы, олардың жетістігі мұғалімге, сабақтың жоспарлануына, әр кезеңнің тиімді қарастырылуы мен оқушылардың жеке қажеттілігін қамтуға байланысты деген ойға келдік. Сонымен қатар, оқушының белсенділігіне қоршаған ортасы, ата-ананың қолдауы, мұғалімнің қолдауы да маңызды екенін түсіндік.

Lesson study барысында мұғалімдердің өзара сабақты бақылауы мен кері байланыстары жақсы нәтижелерге жеткізеді. Кері байланыс арқылы мұғалім сабақ жоспарлауынан бастап сабақ барысын, оқушылардың қажеттілігін саралайды, жаңа идеялар алады. Тәжірибе алмасу шеберлікті шыңдайды.

Білім беру үдерісі үнемі жетілдіруді қажет ететін процесс. Сол себепті сабақ жоспарын бірігіп жоспарлау, проблемаларды бірге шешу, сабақты топтасып зерттеу мүмкіндіктеріне жол ашылды. Қазіргі таңда Lesson Study тиімділігі:

1. Оқушының оқу үлгерімі жақсарады.
2. Функционалды сауаттылығы дамиды.
3. Қоғамда ойын ашық жеткізе алатын тұлға қалыптасады.
4. Мұғалімдер де, оқушылар да зерттеушіге айналады.
5. Мұғалімдер арасында кәсіби диалог қалыптасады, дамиды.
6. Мұғалімдер арасында бақылау, әріптесіне сапалы кері байланыс беру дағдысы қалыптасады.
7. Ұжымдық мәдениет қалыптастырады.
8. Мұғалімдердің назарын оқушылардың қажеттіліктеріне аударады.

Циклмен өткізілген Lesson study - зерттеуі мұғалімдер арасында кәсіби дамуды жүзеге асырудың және әріптестер арасында өзара ынтымақтастық орнатудың қолайлы және ең тиімді әдіс түрі. Аталған әдіс бойынша біз бірге жоспарлауды, бір-біріміздің сабағымызды бақылауды, саралауды және оқушыларға қызықты, сабақты тиімді ұйымдастыруға қажетті тәсілдер қарастырылды. Бірлесе жоспарлау және өзара ынтымақтастық орнату бізге инновациялық тәсілдерді жетілдіруге мүмкіндік берді. Ал сабақты Lesson study тренері мен әріптестердің талдауы келесі сабақтың жақсы жоспарлануына әсерін тигізді. Сабақ жүргізу барысындағы мұғалімнің әрекеті де назарға алынып, әріптестер тарапынан ұсыныстар берілді.

Жоспарланған бірлескен жұмысымыздың 3 кезеңі сәтті аяқталды. Тәжірибеміздегі зерттеу келесі оқу жылына жаңа идея, жаңа тәсілдерді енгізіп, тиімді сабақтарды жоспарлауға мүмкіндік береді.

“Адамдардың көбісі өз ісіне берілген адамдардың шағын тобы әлемді өзгертетініне күмәнданады, алайда тарихта бір адам болсын, шағын топ болсын жақсы нәтижеге жете алатындығын талай рет дәлелдеді”, -деп Маргарит Мид айтқандай, біздің шағын топтағы зерттеуіміз мектебіміздің оқыту сапасын жақсартуға көмегін тигізетініне сеніміміз мол.

**Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы  
Ахмет Жұбанов атындағы балалар музыка мектебі  
Шертер класының оқытушысы  
Оразов Жандос Аққозыұлы**

### «ОРКЕСТР СЫРЫ»

**Сабақтың мақсаты:** Н.Тілендиев өмірбаянымен, шығармашылығымен таныстыру. Оқушылардың аспаптық музыка жайлы білімдерін толықтыру. Мүмкіндігін көрсету.

**Сабақтың тәрбиелік мәні:** Аспаптық өнерді айрықша құрметтеу, оркестр сабағы арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Оқушыларға аспаптық жанрдың сан қырлылығын көрсету, қиялдау қабілеттерін дамыту. Оқушыны оркестрмен қосылып ойнауға дағдыландыру.

**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ. (Мамандық сабағын сольфеджио, музыка әдебиетімен, оркестр сабақтарымен байланыстыру ).

**Сабақтың көрнекіліктері:** Композитордың суреті, оркестр құрамындағы барлық аспап түрлері, видеоролик.

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі:

- а) Оқушыларды түгендеу (аспаптар тобы бойынша).
- ә) Аспаптарды келтіру.

**Негізгі бөлім «Ата толғау» Нұрғиса Тілендиев**

Нұрғиса Тілендиев (1925-1998) – қазақтың әйгілі композиторы, домбырашы, дирижер.

Ата-толғау – қазақтың дәстүрлі күй өнерінің жарқын туындысы, шертер күй дәстүріне жататын шығармаларының бірі. ЛЯ мажор тональностінде 2/4 өлшемінде жазылған кілт қасында ФА, СОЛЬ, ДО, диез кілт белгілері бар.

**Оркестр:**

Қазақ халқында оркестрдің пайда болуы ХХ ғасырдың басымен байланысты. Қазақ мәдениетінде музыкалық аспаптар мен ансамбльдік өнер ежелден болғанымен, кәсіби оркестрлік өнер 1930- жылдары қалыптаса бастады.

Қазақ ұлттық оркестрінің негізін қалаушы –Ахмет Жұбанов. Ол 1934 жылы Құраманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік халық аспаптар оркестрін құрады. Бұл оркестр қазақ музыка өнеріндегі алғашқы кәсіби ұжымдардың бірі. Ахмет Жұбанов қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарын (домбыра, қобыз, сыбызғы, шертер, т/б) заманауи оркестрге бейімдеп, ұлттық музыканы жаңаша деңгейдей орындауды жолға қойды.

Құрманғазы оркестрі қазақтың халық күйлері мен әндерін оркестрлік стильде орындап, ұлттық мәдениетті әлемге танытты. Бүгінгі таңда Қазақстанда түрлі оркестрлер бар, оның ішінде симфониялық, камералық, және халық аспаптар оркестрлері ерекше орын алады.

**Дирижер:**

Дирижер- оркестр немесе хор ұжымын басқаратын адам. Оның негізгі міндеті музыкалық шығарманың біртұтас әрі үйлесімді орындалуын қамтамасыз ету. Дирижер арнайы таяқшаның (пульттің) көмегімен музыканттарға темп, ритм, динамика және бастау- аяқтау туралы нұсқау береді.

Дирижердің қызметтері:

- \*Оркестрді немесе хорды үйлестіру
- \*Шығарманың көркемдік мазмұнын түсіндіру
- \*Әрбір аспап тобының рөлін айқындау
- \*Қателіктерді түзету және орындаушылармен репетиция жүргізу

**Қасиеттері:**

- \*Музыкалық теория мен композицияны жетік білу
- \*Жоғары есту қаблеті мен сезімталдық

\*Орындаушылармен байланыс орната білу

### **Ұрмалы үрмелі аспаптар:**

Үрмелі аспаптарға- сыбызғы, қамыссырнай, қоссырнай, мүйіз сырнай, сазсырнай, үскірік, тастауық, керней жатады. Осы топтың ерекше бір тілді аспабы- шаңқобыз. Соқпалы аспаптарға- дабыл, даңғыра, кепшік, дауылпаз, шыңдауыл, асатаяқ, қоңрау жатады.

### **Бас домбыра:**

Гармониялық аккомпанемент орындау үшін қолданылады. Қолдан иірген екі шек тағылады. Кварта бұрауына түсіріледі; контроктаваның ЛЯ нотасына түсіріледі, Ноталары бас кілтінә жазылады. Дыбыс медиатор және шертеу арқылы шығарылады. Диапазоны контроктаваның, ЛЯ нотасынан үлкен октаваның ФА нотасына шейін болады.

### **Шертер аспабы:**

Шертер қазақ халқының көне шекті аспабы және ол домбыра мен қобыздың арғы тегі болып саналады. Бұрын шертер аспабы сәл жіңішкелеу және қобызға ұқсаға. Шертер көне түркі дәуірінен бастау алады. Шертерді оркестрге 1940 жылдары Ахмет Жұбанов қосты.

Диапазоны 2 октава болады, ішек атауы пьесса ойнағанда МИ, ЛЯ, РЕ болады ал күй ойнағанда РЕ, ЛЯ, РЕ болады деп жазып қой.

### **Баян аспабы:**

Баян (нем.Bayern) – неміс халқының музыкалық аспабы. 1891 жылы Бавариялық шебері. Г. Мирвальд қол гармониясының дизайнын өзгертті. Жаңа аспапта төрт қатарлы октавалық диапазоны бар үш қатарлы, батырмалы оң жақ пернетақта болады.

Баян жеке орындауда, сонымен қатар ансамбль, оркестрлерде де пайданылады. Ол музыкалық ұжымдардың, көркемөнерпаздар үйіпмелерінің, сондай-ақ, көпшілік халықтың арасында да кең таралған.

### **Қобыз аспабы:**

Қобыз қазақ халқының ең көне аспаптарының бірі болып келеді. Қобыздың бірнеше түрлері бар, бізге белгілі түрлерін атап шығайын қылқобыз және прима қобыз. Қобыздың атасы Қорқыт атамиз. Қорқыт ата 10 ғасырдың басында дүниеге келіп 11- ғасырдың басында дүниеден өткен ол жырау, күй атасы болға. Ал мен енді сіздерге қобыз аспабының құрлымын айтайын; басы, құлақтары, мойын тиегі, мойны, ішектері, манағы, тиегі, дыбыс ойығы, ішек ілгіші болады, ал енді ысқышына тоқтасақ; оның басы, таяқшасы, қылы, қыл қорабы, қыл тартқыш бұрандасы болады.

### **Домбыра аспабы:**

Домбыра- қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени мұра.

1\* Домбыраның жасы мың жылдан асады. Зерттеу бойынша, домбыраның пайда болу тарихы кемінде 4000 жылға дейін барады.

2\* Домбыраның екі емес, үш ішекті т.рлері де бар.

3\* Домбыра үні ғарышта шалқыған. Диапазоны

4\*Домбыра- қазақ тарихының шежіресі. Домбыра күйлері қазақ халқының тархын, батырлар ерлігін, сахаббат пен сағынышты, қуаныш пен мұңды баяндайтын шежіре іспетті. Кейбір күйлерде оқиғалар сөзсіз, тек әуен арқылы жеткізіледі.

6\*Домбыра ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізіміне енген.

7\*Домбыра күні.

Қазақстанда 2018 жылдан бастап шілденің алғашқы жексенбісі (Домбыра күні) болып белгіленді. Бұл күні ұлттық мәдениет пен музыка өнерін дәріптеуге арналған.

Домбыра- тек музыкалық аспап қана емес, ол-қазақ халқының жаны мен рухының көрнісі.

**Түркістан облысы, Келес ауданы, Жиделі ауылы**  
**№54 Т.Рысқұлов атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ**  
**Кәсіптік бағдар беруші педагог**  
**Иманов Абдуохап Тайырович**

## **«КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ: ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫНА БАҒЫТ-БАҒДАР»**

Мақсаты: кәсіптік бағдар берудің маңыздылығын түсіндіру және оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге болашақ мамандық таңдауда бағыт-бағдар беру.

Қазіргі таңда кәсіптік бағдар беру – қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі. Жастардың болашақ мамандығын дұрыс таңдауы олардың жеке дамуы мен ел экономикасының өркендеуіне тікелей әсер етеді. Осы тұрғыда мектептер мен колледждерде кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Кәсіптік бағдар берудің маңыздылығы қандай?

Кәсіптік бағдар беру – оқушыларға болашақ мамандығын таңдауда көмектесетін кешенді шаралар жиынтығы. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар мыналарды қамтиды:

- Мамандықтар туралы ақпарат беру – әртүрлі саладағы кәсіптермен таныстыру;
- Оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттерін анықтау – психологиялық тесттер, сауалнамалар жүргізу;

- Жұмыс нарығына талдау жасау – сұранысқа ие мамандықтар жайлы мәлімет беру;

- Тәжірибелік бағдар беру – кәсіпорындармен, жоғары оқу орындарымен байланыс орнату.

Қазіргі заманғы еңбек нарығы қарқынды өзгеріп, жаңа кәсіптер пайда болуда, ал кейбір мамандықтар өз маңыздылығын жоғалтуды. Осы өзгерістер аясында жастардың болашақ мамандығын дұрыс таңдауы маңызды мәселеге айналды.

Өзектілігінің негізгі себептері:

1. Еңбек нарығының жылдам өзгеруі – цифрландыру, жасанды интеллект, автоматтандыру сияқты факторлар дәстүрлі кәсіптерге деген сұранысты азайтып, жаңа мамандықтарды алға шығаруда.

2. Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі – дұрыс таңдалмаған мамандық салдарынан түлектер арасында жұмыссыздық деңгейі артуда.

3. Кәсіптік бағдардың жеткіліксіздігі – көптеген мектептерде кәсіптік бағдар беру жүйесі толық дамымаған немесе формалды түрде жүргізіледі.



4. Жеке тұлғалық даму мен қоғамға әсері – әр адамның өзіне сай мамандық таңдауы оның кәсіби және жеке өміріндегі жетістіктеріне әсер етеді, ал бұл өз кезегінде ел экономикасының дамуына ықпал етеді. Осы факторларды ескере отырып, кәсіптік бағдар беру туралы ақпаратты дұрыс жеткізу, оқушыларға болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Мамандық таңдау – маңызды қадам. Жасөспірімдердің мамандық таңдауында отбасы, мектеп, қоғам және бұқаралық ақпарат құралдары үлкен рөл атқарады. Ата-аналар баланың қабілеттеріне сай келетін саланы таңдауға көмектесуі керек. Сондай-ақ, оқушыларға кәсіптік бағыт беруде тәжірибелі мамандармен кездесулер, шеберлік сыныптары, өндірістік экскурсиялар ұйымдастырылса, олардың болашақ мамандығына деген қызығушылығы арта түседі. Заманауи трендтер мен жаңа мүмкіндіктер бүгінде IT, инженерия, медицина, жасыл технологиялар, шығармашылық және цифрлық кәсіптер еңбек нарығында сұранысқа ие. Сонымен қатар, қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерінің артуы жастардың жаңа бағыттарды игеруіне жол ашуда.

Қорыта келгенде кәсіптік бағдар беру – мектеп кезінен басталатын ұзақ мерзімді процесс. Жастар өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалап, нарық сұранысына сай мамандық таңдаса, болашақта жетістікке жетуі әбден мүмкін. Осы орайда, білім беру мекемелері, жұмыс берушілер және ата-аналар бірлесе жұмыс істегенде ғана кәсіптік бағдар беру жүйесі тиімді болмақ.

**Түркістан облысы, Келес ауданы, Жиделі ауылы**  
**№54 Т.Рысқұлов атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ**  
**Информатика пәні мұғалімі**  
**Ермаханбетова Динара Еркиновна**



## АРИФМЕТИКАЛЫҚ ӨРНЕКТЕРДІҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

| Бөлім:              | Python тілінде программалау (информатика, 6-сынып)                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                   |                             |                            |
|---------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------|----------------------------|
| Педагогтің аты-жөні | Ермаханбетова Д. №54 Т.Рысқұлов атындағы жом информатика пәні мұғалімі                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                   |                             |                            |
| Күні:               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                   |                             |                            |
| Сынып:              | 6                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                   |                             |                            |
| Сабақтың тақырыбы   | Арифметикалық өрнектердің жазылу ережелері                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                   |                             |                            |
| Оқу мақсаты:        | 6.3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу;                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                   |                             |                            |
| Сабақтың мақсаты:   | – python программалау тілінде арифметикалық өрнектерді жазуды үйренеді.<br>– Математикалық өрнектермен программа құруды меңгереді                                                                                                                                                                                                                |                                                                   |                             |                            |
| Сабақтың кезеңі     | Мұғалім іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Оқушы іс-әрекеті                                                  | Бағалау                     | Ресурстар                  |
| Ұйымдастыру         | Тақырып: Арифметикалық өрнектердің жазылу ережелері<br>Сабақтың мақсатымен таныстыру.<br>– python программалау тілінде арифметикалық өрнектерді жазуды үйренеді.<br>– Математикалық өрнектермен программа құруды меңгереді                                                                                                                       | Сабақта меңгертін мақсаттарды білу                                |                             | Презентация (1-3 слайдтар) |
| Жаңа сабақ          | Жаңа сабақты түсіндіру<br><br>Python-да арифметикалық өрнектерді орындау ережелері:<br>1) Өрнектер бір қатарға жазылуы тиіс;<br>2) Өрнекте жақша болғанда, жақша ішіндегі амал бірінші орындалады;<br>3) Егер өрнекте бірнеше жақша болса, онда амалдарды орындау ішкі жақшадан басталады.<br>Қалған амалдар келесі кестедегі ретпен орындалады: | Жаңа тақырыпты меңгеру                                            |                             | Презентация (4-слайдтар)   |
| Практикум           |                                                                                                                                                                            | Жаңа тақырыпты мұғаліммен бірге практикада қолдану арқылы меңгеру | Бағалау критерийлерін ұсыну | Презентация (9 слайд)      |

|           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                               |                             |                              |
|-----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|-----------------------------|------------------------------|
|           |                                                                                                                                                                                                                                     |                                               |                             |                              |
| Бекіту    | Тақырыпты меңгергенін анықтау<br>Тапсырма.<br>Стандартты функцияларды қызметімен сәйкестендіріңіз.<br><br>Бекіту сұрақтары<br>№1. Декремент амалы қалай жазылады?<br>№2. Берілген математикалық өрнек программалау тілінде қалай жазылады?<br>№3. Қай функция санның бүтін бөлігіне дейін жуықтау қызметін атқарады? | Жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау | Бағалау критерийлерін ұсыну | Презентация (10-13 слайдтар) |
| Қорытынды | Сабақты қорытындылау, рефлексия                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                               |                             | Презентация (14 слайд)       |

Атырау облысы, Махамбет ауданы, Таңдай ауылы  
"Райхан гүлі" бөбекжай-бақшасы  
Тәрбиеші  
Қасымова Жадыра Қайроллақызы



## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ДАМУ

**Тақырыптың өзектілігі.** Бүгінгі жас ұрпақты тарихты, тегімізді, дәстүрді, тіліміз бен дінімізді, адами мәдениетті, адами қасиеттерді терең түсінетін шығармашыл тұлға ретінде тәрбиелеу – өмірдің талабы және қоғамның қажеттілігі.

Еліміздің болашағы – өсіп келе жатқан жас ұрпақ. Ертеңгі күн біздің басты миссиямыз екенін әрқашан есте ұстауымыз керек. Бұл білімді, әдепті, қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, қалыптасқан мемлекеттік білім мен ұлттық санаға ие азаматтарды тәрбиелеу. Қазіргі уақытта оқыту мазмұны жаңартылуда. Жаңару жолындағы міндеттерді орындайтын маңызды мекемелер – балабақшалар, мектептер және жоғары оқу орындары.

Мектепке дейінгі ұйымының қабырғасынан бастап, біз өз ұрпағымызды білікті және мәдениетті етіп тәрбиелеп, жалпы адамзаттық деңгейде дүниетанымды дамытуымыз үшін балаларды патриоттық пен адамгершілікке, оның ішінде ұлттық құндылықтарға негізделген барлық қоғамдық өмірдің өзегін болашақ ұрпақты тәрбиелеуге бағыттау қажет.

**Мақсатым:**

- балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту, қиялдарын ұштау, тапқырлыққа жетелеу, оқу іс-әрекетінде қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру.

**Міндеттер:**

- балалардың танымдық әрекетін дамытуға ықпал ету;
- ұлттық құндылықтар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.

Адам баласының тұла бойына дарыған түрлі қадір-қасиет, талант кіндік қаны тамған топырақтан дариы. Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілік ұрпақтан ұрпаққа ана сүтімен, бесік жырымен сіңірілген.

Халық педагогикасының салаларының бірі – ұлттық ойын. Қазақ халқының ұлттық ойынын құнды пайдалану ұрпақтар бойына жалғасып келе жатқан дәстүрлерімізді жаңғыртуға және енгізуге көмектеседі. Сонымен қатар, балалар біздің ұлтымыздың өткеніне ойша қарайды, қарым-қатынасты, әдет-ғұрып пен дәстүрді саналы түрде сезінеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықты қалыптастыру тілді дамыту, математика, бейнелеу өнері, музыка жалпы барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру жұмыстарына балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, олардың қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес лайықтыларын ғана пайдаланып, оларды тиімді қолдана білген жөн.

Қай елде, қай заманда, қай қоғамда болмасын ұлттың қорғаны, саналы ұрпақ тәрбиелеу – әр адамзаттың ұлы міндеті. Ұрпақ тәрбиесі - толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске толы ұлтқа, елге бөлінбейтін ортақ мәселе. Келешектің жарқын келбетін құру - бүгінде басты назарда екендігі шүбәсіз. Сол себепті болашақтың иелерін рухани тұрғыдан, материалды тұрғыдан жетілдіру, ақыл мен санасын толық дамыту, әр түрлі саланың қыр-сырларын меңгерту арқаға жүктелген міндет екендігі айдан анық. Қазақтың ойшылы М.Жұмабаев: «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ», - дегендей баланы қазірден жақсылыққа, елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелесек, еліміздің, ұлтымыздың болашағы да жарқын болмақ. Бала тәрбиесі зор күш пен еңбекті талап ететін, жауапкершілікке сүйенетін күрделі іс. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру – маңызды мәселелердің бірі. Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрасы мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау – басты міндетіміз. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан, халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын, пайдалы азамат шықпайды», - деген сөзі еске түседі.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ол өзіне адамгершілікті, сыйластықты, имандылықты, кішіпейілділік пен ізеттілікті, мейірімділік пен досжандылықты, мәдениеттілік пен руханилықты қамтыған орны толмас құндылық.

Бүгінде өсіп келе жатқан әр баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ұлттық тәрбие беру – ұлттық ұғым кепілі. Қазақ халқының ежелден келе жатырған адами қадір-қасиетін жаңғыртып, келешек ұрпақтың көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыру – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық тәрбиенді, ұлттық мүдденді сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Халқымыз «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М.Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті» деген сөзі соның дәлелі. Бала тәрбиесі отбасыдан, ата-анасынан бөлек тәрбиеші-педагогтың да аса назарында болатыны белгілі. Міне, сол себепті ұрпақтың тәрбиелілігі тәрбиеші-педагогтың біліктілігіне, шығармашылығына, жоғарғы деңгейлі дайындығы мен біліміне де тығыз байланысты.

Тәрбиеші-педагог баланың қалыптасуындағы басты тұлға. Тәрбиеші-педагог - жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптастыра алатын, адамгершілікті жоғары бағалайтын, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің даму жайын жақсы білетін,

оның түсіндіре алатын адам болуы керек. Баланың бойындағы адалдыққа негізделген қарым-қатынасы, әдептілігі, адамдарға сыйластығы мен ортадағы өзін лайықты ұстай білу қабілеті – тәрбиешінің кәсіби шеберлігінің көрсеткіші. Тәрбиеші-педагог тек қана баланы тұлғалық дамытып ғана қоймай, баланың бойына руханилық пен ұлттық мүдденің де дәнін себе білуі керек. Демек, тәрбиеші-педагог үшін де ұлттық құндылықтың маңызы жоғары болуы тиіс және оны тәрбиеші аса ілтипаттылықпен қабылдап, шеберлікпен дамыта – жаңғырта білуі керек.

Әлемдік даму заманында, жаһандану кезеңінде бәсекелестікке қабілетті жастарды тәрбиелеу – бүгіннен бастау алу керек. Мәңгілік ел болу – төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін тұлға қалыптасқан да ғана мүмкін болмақ. Өткеніне көз жүгіртіп, болашағына танымдық көзқарас құра білетін әр ұрпақ дұрыс ортадан тәрбие алуы керек. Бұл іс бүгінгі күні еліміздің түкпір – түкпіріндегі мектепке дейінгі ұйымдарға қойылған басты талап. Мектепке дейінгі кезең - бала үшін алғашқы қадам, алғашқы түсінік, алғашқы көзқарас, алғашқы даму. Бала болашағының алғашқы ірге тасы да осы кезеңде қаланады. Демек, бала үшін мектепке дейінгі ұйым да, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері де жоғары, кәсіпт шеберлікпен таңдалуы қажет. Ал, біз болашақ тәрбиеші ретінде бала бойында ұлттық құндылықтарды қалай дамыта аламыз?

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттер маңызды әрі пайдалы аспект. Бүгінгі заман талабына сай АКТ құралдары немесе кез-келген көрнелік құралдары арқылы бала бойына алғашқы ұлттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастыра аламыз. Ол түсінікті одан әрі дамыту үшін бейнелі сөздер мен сөйлемдерді қолдана отырып, балалармен тығыз байланыста әңгімелесу әдісі арқылы дамытуға мүмкіндік жасаймыз. Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі жетекші іс-әрекеті – ойын екені бәрімізге аян. Балаларға берілген теориялық ақпараттарды дәл осы жетекші іс-әрекеттің көмегімен практикалық тұрғыда дамыта аламыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтармен таныстыру үшін ойналлатын ойын түрлеріне тоқталсақ: «Арқан тартыс, Қыз куу, Алтыбақан, Ақсүйек, Аударыспақ, Асық ату» сынды спорттық ойындар және «Ақсерек-Көксерек, Қуырмаш, Арқан түю, Түйе-Түйе, Соқыр теке» сынды қимыл-қозғалыс ойындары және «Тоғыз құмалақ, Бестемше, Бес тас» секілді үстел үсті ойындарын атап өтуге болады.

Балалардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын туғызудың жолдарының көзі қазақ халқының тәрбиелік және танымдық мәні бар, баға жетпес асыл қазынасы, тарихи – мәдени мұраларында жатыр. Соның бірі – Қазақтың ұлттық шежіресі. «Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, біліп оны ескерсе, дүниедегі алыс - жақын мен жақсы - жаманды білгені мен көргені көп болған адам білімді болады» - дейді Абай Құнанбаев.

Халықтық педагогиканың бір саласы – ұлттық ойындар. Қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін өтетін тақырыпқа лайықтап пайдалану – тасада қалып келген дәстүрлерімізді қайта жандандырып, ұрпақтар бойына сіңіруге үлкен көмегін тигізеді. Сонымен бірге балалар халқымыздың өткен тарихына ойлы көз тастап, қарым - қатынасты, салт - дәстүрлерді саналы түрде сезінеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықты қалыптастыру тілді дамыту, математика, сурет салу, музыка жалпы барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру жұмыстарына балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, олардың қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес лайықтыларын ғана пайдаланып, оларды тиімді қолдана білген жөн.

Мен өз тәжірибемде ұлттық құндылық элементтерін барлық іс-әрекеттерде қолданамын. Тақырыпқа сай көрнекілік, ойындарға ұлттық элементтерімізді кіріктіріп жасаймын.

Сондай-ақ жылдан жылға нейрондық желі әр түрлі саланы қамтып жатқаны рас. Жасанды ақыл, адамды алмастырады деген ойда қоғамда айтылып жүр. Замануи технологиялар біздің тұрмыс-тіршілігімізді жеңілдеткенімен, оның кері тұстары да жеткілікті екен. Қазір нейрондық желілер кез келген салада қолданылады. Сол себепті мен де ойын тақырыбына сәйкес жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданамын. Фото суреттерді сөйлету арқылы, ойынға нұсқау беремін. Балалар өздерінің идеяларын жүзеге асырып, тақырыпты үйлесімді жауапкершілікпен қабылдауға мүмкіндік алады. Балалардың зейінін аудару қиын болуы мүмкін. Интерактивті контент, мысалы, анимация, визуалды иллюстрация, балалардың қызығушылығын арттырады, оқу материалдарын жақсы меңгеруге көмектеседі.



«Ұлттық құндылық ойыны» – бұл жастар мен балалар арасында қазақтың дәстүрлері мен мәдениетіне деген қызығушылықты арттыруға арналған ойын. Мұндай ойындар ұлттық салт-дәстүрлерді, қолөнерді, ұлттық, әдет-ғұрыптарды

Қазақтың ұлттық киімдері мен олардың аттарын тану.

Қазақтың ұлттық ойындарын түсіну және үйрену.

Бұл ойындар қазақтың мәдениеті мен тарихын түсінуге көмектеседі, әрі көңілді әрі танымдық бағытта болады.



«Оюларды секіру» ойыны – бұл балаларға арналған қызықты әрі дамытушы ойын. Ойынның мақсаты – қазақтың ою-өрнектері арқылы балалардың қимыл-қозғалысын жетілдіру және ою-өрнектердің мән-мағынасын таныту.

Ойыншылар оюлардың үстінен секіріп, олардың аттары мен түстерін айтулары керек.

Секірмекте Тауешкі оюы, Табан оюы, Қос мүйіз оюы, Қошқар мүйіз оюы бейнеленген.



«Ілмек асық» ойыны — қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойында балалар асықтарды пайдаланып, зейін мен көз өлшемін, шеберлікті дамытуға тырысады. Ойынның негізгі мақсаты — асықтарды ілмекпен немесе басқа құралмен дәл орынға қою. Бұл ойын көбінесе топ болып, бір-бірімен жарысып ойнайды.





**«Ретімен орналастыр» асық ойыны** — балаларға арналған қызықты әрі дамытушы ойын. Бұл ойын асықтарды белгілі бір тәртіппен орналастыруды қажет етеді, сонымен қатар балалардың логикалық ойлауын, ептілігін және концентрациясын дамытуға бағытталған.

Ойынның мақсаты:

Ойыншы асықтарды белгілі бір ережеге сай ретімен орналастыру керек. Әр ойында асықтарды ретке келтірудің қиындығы мен шарттары өзгеріп отыруы мүмкін, бұл ойынды қызықты әрі балалардың ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.



### Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйымдағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленушілерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт – дәстүрлерін аялай білуге, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу – біздің қолымызда.

Сөзіміздің түйіні, бала тәрбиесі – баршамызға ортақ маңызды іс. Сондықтан да қоғам бұл жұмысқа парасаттылық танытып, байсалдылықпен жұмылуы керек. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын, мәдениетін, тарихын, бұрынғы-соңғы ұлы ойшыл педагогтердің еңбектерін оқып, жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып, келер буынға дұрыс тәрбиетағылымын сіңіру мүмкін емес. Жас ұрпаққа ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, оларды мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – қазіргі таңдағы өмір талабы және қоғам қажеттілігі.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманов Дәурен. Ұлттық құндылықтар – ұлт қорғаны. 2020 ж
2. Абдыханова Ғ.Т, Филология. Ұлттық құндылықтар – бала тәрбиесінің қайнар көзі. 2019 ж
3. Бисенбаева Ж.С, Мектепке дейінгі бала тәрбиесіне арналған ұлттық ойындар. 2014 ж
4. Әдеп және жантану. Хрестоматия. Атамұра Алматы, 1996 ж
5. Дихан Қамзабекұлы. ЖШС «Қазақ газеттері», Егемен Қазақстан, 2022

Абай облысы, Семей қаласы  
«№3 бөбекжайы» КММ  
Ивашенко Наталья Борисовна, тәрбиеші  
Турысбаева Назира Нурланбековна, логопед



Төтенше жағдайлар бойынша интерактивті ертегі  
**"ЖЕТІ ЛАҚ ПЕН ҚАСҚЫР ЖӘНЕ КӨМЕКШІ"**

**Мақсаты:** ертегі арқылы балаларға қауіпсіздік ережелерін жеңіл әрі қызықты түрде түсіндіру. Ертегінің әсері арқылы өз әрекеттерін ойластырып, қауіпсіздік шараларын есте сақтауға дағдыландыру. Төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру. Қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

*Әуен естіледі. «Ертегіде қонақтамыз»*

**Жетекші:** Орман шетінде ешкі балаларымен бірге өмір сүріпті. Оларға жақын жерде зұлым және тойымсыз қасқыр өмір сүреді, ол кішкентай лақтар мен олардың анасы ешкіні жегісі келеді.

**Қасқыр:** Әй, бұл лақтар сондай дәмді болатын шығар! Мен олардың барлығын таңғы асқа, ал ешкіні түскі асқа жегім келеді!

**Жетекші:** Бірақ лақтар өте ақылды болады. Олар ешкі ананы мұқият тыңдайды. Сондай-ақ олардың қиын уақытта әрқашан көмекке келетін көмекшісі болады.

**Ешкі:** Лақтарым, шырақтарым мені мұқият тыңдаңдар! Мен не айтсам, соны істеңдер! Сұр қасқырға ешқашан есік ашпаңдар! Ол өте қауіпті! Бірақ егер кенеттен бірдеңе болса, көмекшіні шақырыңдар, ол сендерге әрқашан не істеу керектігін айтады!

**Жүргізуші:** Ешкі анасы базарға кетіп үлгермеді, сол сәтте дәл осы жерге қасқыр келеді!

**Қасқыр:** Ей ешкі, есікті тезірек аш! Мен өте ашпын!

**Ешкі:** Жоқ, ашпаймыз! Мен қазір полиция шақырамын!

**Қасқыр:** Жақсылықты білмейді екенсіңдер! Мен қазір сендерге жер сілкінісін ұйымдастырамын, есікті өзім ашамын!

**Жетекші:** Қасқыр ешкінің үйшігін үрлей бастайды. Сол кезде тозығы жеткен ескі үйшік нағыз жер сілкінісі сияқты шайқалды. *(дабылдың айқайы мен жер сілкінісінің дыбысы қосылады)*

**Ешкі:** Біз не істеуіміз керек, көмекші?

**Көмекші:** Ең бастысы-дүрбелеңге түспеу! Лақтар үстелдің астына шұғыл тығылыңыздар, ал сіз, ешкі ең күшті қалың қабырғаға барып тұрыңыз, ол мүлдем құламайды. Жер сілкінісі аяқталғаннан кейін, шұғыл түрде дабыл қағып, лақтармен бірге үйшіктен шығасыз. Мен әзірге қасқырға полиция шақырамын.

**Жетекші:** Ешкі мен лақтар көмекшінің барлық нұсқауларын өте жақсы орындады. Қасқырды полицей алып кетіп, жер сілкінісі тоқтады. *(Полиция қызметкері қасқырды алып кетеді)* Ешкі анасы лақтармен бірге дабыл чемоданын ұмытпай үйшіктерінен шығып кетеді.

**Ешкі:** көмекші, түсіндіріңізші, неге біз осы дабыл чемоданды өзімізбен бірге алып келдік?

**Көмекші:** бұл қарапайым чемодан емес. Бұл қиын жағдайда сізге көмектесетін дабыл чемоданы. Отырыңыз онда не бар екенін көрейік!



1. Барлық отбасы мүшелеріне арналған құжаттар
2. Алғашқы көмек жинағы
3. Жылы іш киім, көрпеде бар
4. Фонарь
5. Байланыс құралы
6. Гигиеналық құралдар
7. Азық-түлік және су қоры

Мұның бәрі төтенше жағдайда аман қалуға көмектеседі.

**Жетекші:** Міне, жер сілкінісі аяқталды. Ешкім зардап шеккен жоқ. Ешкі мен лақтар қайтадан үйлеріне оралып, өз істерімен айналысты.

Бірақ бұл кім? Тағы Да Қасқыр?

**Қасқыр:** Иә, бұл менмін, аш сұр қасқыр! Мен ұйымдастырған жер сілкінісі болған жоқ, енді мен сендердің үйшіктеріңе өрт қоямын!

**Жүргізуші:** Қасқыр ең үлкен сіріңкелерді алып, ешкінің үйшігін өртеп жібереді. *(Қасқыр үйдің айналасына оттың суреттерін жабыстырады)*

**Қасқыр:** Міне, міне! От жағамын, үйшіктегі ешкі мен лақтар жаныңдар, қуырылыңдар! Қуырылған лақтар одан да дәмді болады!

**Ешкі:** Көмекші, Көмекші! Біз қазір не істеуіміз керек? Қайтадан жасырыну керекпіз бе?

**Көмекші:** Жоқ жасырынбаңыздар! Бетперделерді тез алыңыз, оларды суға батырыңыз балаларға және өзіңіз киіңізде, үйшіктен тез шығыңыздар. Төрт аяқпен жорғалаған дұрыс, өйткені түтін көтеріледі, ал төменгі жақта түтін аз болады. Асығыңыз! Ешкі, тексеріңіз, лақтарды санаңыз, бәрі орнында ма? Мен тез арада өрт сөндірушілерге қоңырау шаламын.

**Ешкі:** бәрі орнында, ешкім жоғалған жоқ. Ал қасқыр қайда?

**Көмекші:** Ол жанып жатқан үйшікке кіріп, күйіп, қашып кетті!

**Ешкі:** Біздің әдемі үйшігіміз сөнген сияқты, қайтып оралуға болады. *(ешкі мен лақтар үйге қайтады)*

**Жетекші:** Бәрі тыныш сияқты. Ал қасқыр қайда? Бұл қарақшы немен айналысады екен?

**Қасқыр:** Ақымақ лақтар, сендерді жер сілкінісінде, өртте алмайды! Ал, мен сізге қазір тосын сый ұйымдастырамын! Мен қазір сендерге бомба тастаймын! Енді мен оны әдемі етіп орап аламын! Ия, менің қолымда жарылып кетпес үшін мұқият болу керек! Міне, дайын! *(үйшікке жақындайды)* Ешкі, ешкі міне сізге сыйлық бар! *(буманы лақтырып, ағаштың артына жасырынады)*

**Ешкі:** Ах, қандай керемет қорап, әдемі әшекейленген екен! Бұл менің балаларыма сыйлық шығар. Енді мен оны ашамын!

**Қасқыр:***(тығылып, ақырын айтады)* ашыңыз, ашыңыз! Қазір қалай жарылатынын көресіңдер!

**Көмекші:** ешкі, тоқта! Сіз бұл сыйлықты кімнен алдыңыз?

**Ешкі:** Жоқ.

**Көмекші:** Онда не бар, сен білесің бе?

**Ешкі:** Жоқ!

**Көмекші:** Содан кейін оған қол тигізбеу керек. Өйткені, өте қорқынышты нәрсе болуы мүмкін!

**Ешкі:** Не істеу керек?

**Көмекші:** Дабыл чемоданыңызды ұмытпай, балаларды алып, қашыңыз.! Мен тағы да полицияға қоңырау шаламын.

**Жүргізуші:** Ешкі лақтарымен бірге тез арада дабыл қағатын чемоданды алып орманға қашты. Полиция келіп қасқырды алып кетті. Барлық қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып ешкі лақтарымен және көмекшісімен бірге орманның шетіндегі кішкентай үйшікте тыныш өмір сүреді.



**"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің  
Шоқан Уәлиханов атындағы Бөлігірік шешен ауылының орта мектебі" КММ  
Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі  
Қилыбаева Айдана Мейрамбекқызы**



## **БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПАЛДЫ БІЛІМ БЕРУІНДЕГІ КІТАПТЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Аннотация:** Мектепалды білім беру мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің түйіскен жерінде орналасып, үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Бұл кезеңдегі басты мақсат — баланың психикалық дамуындағы негіздер мен оқу іс-әрекетінің алғышарттарын қалыптастыру. Мақалада мектепке дейінгі білім беруде балалар әдебиетін қолданудың маңызы, кітап оқу дағдыларын дамыту, ересектермен сындарлы өзара әрекеттесу және шығармашылық қиялды дамыту мәселелері қарастырылады. Мектепке дейінгі балаларда оқу іс-әрекетінің қажетті дағдыларын қалыптастыру үшін түрлі тәсілдер ұсынылып, оқу процесін қызықты әрі тиімді ету жолдары көрсетіледі. Бұл мақала баланың оқу процесіне белсенді қатысуына, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған педагогикалық ұсыныстарды қамтиды.

**Кілт сөздер:** мектепалды білім беру, балалар әдебиеті, оқу дағдылары, мектепке дейінгі даму, психологиялық алғышарттар, қиялды дамыту, кітап оқу, оқу іс-әрекеті, ересектермен өзара әрекеттесу, тәрбиеші, балалармен жұмыс, кітаппен таныстыру, сөйлеу дағдылары.

Мектепалды білім беру оның екі ішкі жүйесінің – мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің түйіскен жерінде орналасқан үздіксіз білім беру жүйесінің буындарының бірі болып табылады. Мектепке дейінгі білім берудің бастапқы нүктесі мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің білім беру бағдарламаларының тұтастығы туралы ой болды. Бұл бірліктің негізгі векторы-баланың дамуы. Даму баланың мүмкіндіктерін барынша іске асыруды көздейтін күшейту (байыту) есебінен жүзеге асырылады.

Мектепалды білім берудің алғашқы мәселесі пәндік білімді мерзімінен бұрын қалыптастыру, бастауыш мектепте оқыту жүйесін қайталау, мектеп технологияларын қолдану (бақылау, ауызша әдістерді қолданудың басымдығы) болып табылады.

Осы кезеңде балаларды оқыту шамадан тыс жүктемеге, бастауыш мектепке түсуге байланысты оларға қойылатын талаптардың өсуіне әкеледі. 6-7 жастағы баланың психикалық даму заңдылықтары еленбейді, оның өміріндегі сенсорлық қабылдау мен қоршаған әлемді ойлаудың рөлі назардан тыс қалады. В.Т. Кудрявцевтің пікірінше, үлкен мектеп жасына дейінгі кезеңде оқу іс-әрекетінің әмбебап психологиялық алғышарттары қалыптасуы керек. Ең алдымен, «Әмбебап қабілет» болып табылатын өнімді қиялды дамыту қажет.

Дамыған қиялдан басқа, мектеп жасына дейінгі балалардағы оқу іс-әрекетін дамытудың негізгі факторлары олардың ересектермен сындарлы өзара әрекеттесу қабілеті және оқу жағдайларына тиімді қосылу қабілеті болып табылады (бұл В.В. Давыдов, В. И. Слободчиков, Г. А. Цукерман және басқа мамандардың зерттеулерімен расталған). Бұл мәселені шешуде мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру процесінде балалар әдебиетін қолдану маңызды рөл атқарады. Бұл болашақ оқу іс-әрекетінің психологиялық прототиптерін қалыптастыруға және баланың ересектер әлемі, заттар мен табиғат туралы идеяларын дамытуға ықпал етеді. Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешінің міндеті - баланы кітап оқуға қызықтыру. Мұнда көмектесетін бірнеше тәсілдер бар:

1. Кітаптардың әртүрлілігі: балаларға қызығушылықтары мен жасына сәйкес келетін әртүрлі кітаптарды ұсыныңыз. Жарқын иллюстрациялары бар кітаптарды, интерактивті элементтері бар

кітаптарды (мысалы, жылжымалы бөліктер немесе дыбыстық түймелер), рифма мен ән кітаптарын қосыңыз. Кітаптардың әртүрлілігі балалардың назарын аударуға және олардың қызығушылығын оятуға көмектеседі.

2. Ойын тәсілі: кітаптарды оқығанда ойын элементтерін пайдалануға болады. Балалар кітаптағы кейіпкерлердің рөлдерін ойнай алатын рөлдік ойындар жасау қажет. Оларға оқиғаға қатысты өз ойлары мен сезімдерін білдіруге мүмкіндік берген маңызды. Бұл оларға оқу процесіне қатысуға көмектеседі және оны қызықты әрі тартымды етеді.

3. Көрнекі қолдау: кітаптарға қатысты қосымша көрнекі материалдарды пайдалану қажет. Кітаптың кейіпкерлерімен плакаттар жасап, оларды сабаққа немесе тақтаға іліп қоюға болады. Балаларға кітаптағы оқиғалар мен кейіпкерлерді жақсы елестетуге көмектесу үшін суреттерді немесе фотосуреттерді пайдалануға болады.

4. Бірге оқу: балаларға арналған кітапты дауыстап оқитын бірлескен оқу сеанстарын ұйымдастырыңыз. Оларға сұрақтар қоюға, өз ойлары мен пікірлерімен бөлісуге мүмкіндік беріңіз. Балалардың оқудың белсенді қатысушылары ретінде сезінуі үшін өзара әрекеттесу мен диалог атмосферасын құру маңызды.

5. Қызығушылықты қолдау: кітапты оқығаннан кейін балалармен олардың тәжірибесін талқылаңыз және онымен байланысты қосымша әрекеттерді ұсыныңыз. Бұл сурет салу, ойнау немесе тіпті театрландырылған қойылым болуы мүмкін. Оқудан кейінгі қызығушылықты қолдау тәжірибені нығайтуға және одан әрі оқуды ынталандыруға көмектеседі.

Әр баланың ерекше екенін есте ұстаған жөн, сондықтан тәрбиеші әр баланың жеке қалауы мен қызығушылығын ескеріп, соған сәйкес тәсілдер мен материалдарды бейімдеуі керек.

Кітаппен қызықтыру процесінің маңызды аспектісі-тыңдау дағдыларын дамыту. Балалар мәтінде берілген ақпаратты белсенді түрде қабылдауға және түсінуге үйренеді. Олар мұқият тыңдаушы болуды, сюжеттің дамуын бақылауды, негізгі идеялар мен бөлшектерді түсінуді, сұрақтар қоюды және естіген материалға қатысты өз ойлары мен эмоцияларын білдіруді үйренеді.

